



## АГЕНТТІКТИҢ ЕСЕБІН ТЫҢДАДЫ



Мемлекет басшысы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Марат Омаровты тыңдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Агенттік төрағасының «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлықты іске асыруға арналған есебін тыңдады.

Президентке аталған Жарлықты орындау аясында квазимемлекеттік секторды қысқарту және бәсекелестікті дамыту бағытында жүйелі жұмыс атқарылып жатқаны туралы баяндалды. Жекешелендіру жөніндегі Ұлттық кеңсенің тікелей қатысуымен 2026-2030 жылдарға арналған квазимемлекеттік сектор субъектілері мен мемлекеттік меншік объектілерін онтайландыру жоспары бекітілді. Бәсекелестік ортаға берілетін активтердің жиынтық кірісі 3,4 триллион теңгені құрайды.

Мемлекеттік сатып алу жүйесін реформалау нәтижелеріне айрықша назар аударылды. Қабылданған шаралар бір көзден сатып алу үлесін 39 пайыздан 24 пайызға дейін төмендетуге мүмкіндік беріп отыр. Соның арқасында жалпы бюджет аясындағы бәсекелі сатып алу үлесі 6,2 – 8,1 триллион теңгеге дейін ұлғайды.

Мемлекет басшысына бизнес субъектілерінің тауар нарықтарына кіруіне тосқауыл қоятын кедергілерді жою жұмыстары, маңызды нарықтардағы өнімсіз делдалдардан арылу бойынша қабылданған шаралар, сондай-ақ цифрлық экономиканы реттеудің жаңа тәсілдерін әзірлеу жөніндегі бастамалар туралы баяндалды.

Марат Омаров бәсекелестікті қорғау және дамыту саласындағы заңнамалық түзетулердің алтыншы пакеті бойынша жүргізіліп жатқан жұмысқа тоқталды. Заң жобасында бәсекелестік саясаттың тиімділігін арттыруға, монополияланған нарықтардағы бақылауды күшейтуге, монополияға қарсы реттеуді жетілдіруге және экономиканың мемлекеттік сектордағы үлесін одан әрі қысқартуға бағытталған жеті жүйелі бағыт көзделген.

Кездесу соңында Президент Агенттік төрағасына бірқатар нақты тапсырма берді.

## ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҢЫЗДЫ



Мемлекет басшысы Ішкі істер министрі Ержан Сәденовті қабылдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа елдегі криминогендік ахуал және ішкі істер органдарының алдына қойылған міндеттердің орындалуы жөнінде баяндалды.

Мемлекет басшысына 2026 жылдың алғашқы бес айының қорытындысы бойынша тіркелген қылмыс саны былтырғы кезеңмен салыстырғанда 9 пайызға төмендегені айтылды. Негізгі санаттар бойынша құқықбұзушылықтың азаюы және қылмысты ашу деңгейінің артуы байқалды.

Алдын алу іс-шаралары мен қоғамдық қауіпсіздікті сақтау мәселесіне ерекше назар аударылып отыр.

Ведомство жазаның бұлтартпас қағидатын дәйекті түрде қамтамасыз етіп келеді. Есепті кезеңде өткен жылдары жасалған 1 685 қылмыс ашылған. Сот төрелігінен жасырынып жүрген 574 қылмыскер, оның ішінде 89-ы шетелден табылды.

Министр Мемлекет басшысына киберқылмысқа, есірткі қылмысына, ұйымдасқан қылмысқа және экстремизмге қарсы күрес нәтижелері жөнінде ақпарат берді. Қылмыстық топтардың жолын кесу, азаматтарды қауіп-қатерлерден қорғау, сондай-ақ қауіпсіздік саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту бойынша кешенді іс-шаралар қолға алынған.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы елдегі қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық жүйені қамтамасыз ету үшін «Заң мен тәртіп» қағидатын нақты жүзеге асыру жөнінде бірқатар тапсырма жүктелді.

## ҚОРДЫҢ ДАМУ БАҒЫТЫ АЙҚЫН



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Жақыповты қабылдады.

Мемлекет басшысына Қордың биылғы бес айдағы жұмыс қорытындылары және ортамерзімді кезеңге арналған даму жоспары туралы есеп берілді.

Нұрлан Жақыповтың айтуынша, 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қор басқаруындағы активтер 88 миллиард доллар құраған.

Ауқымды инфрақұрылымдық және өнеркәсіптік жобаларды жүзеге асыру жалғасуда. Биыл 3,3 триллион теңгеге 16 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Атап айтқанда, Мойынты – Қызылжар, Дарбаза – Мақтаарал жана теміржол желілерінің құрылысы, Қашағандағы газ өңдеу зауыты, Алматы екінші жылу электр

орталығын жаңғырту, гибриді электр стансасын салу және Каспий теңізінің табанына талшықты-оптикалық желі төсеу жобалары қолға алынған.

Бұл бастамалар еліміздегі көлік, энергетика және цифрлық инфрақұрылымды нығайтуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, сондай-ақ халықтың тұрмыс сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Президентке Қор жобалары ұжымдық әлеуметтік жауапкершілік аясында жылына шамамен 1 миллион қазақстандыққа қолдау көрсететіні жөнінде баяндалды. Бұдан бөлек, «Таза Қазақстан» жалпыхалықтық экологиялық акциясы шеңберінде ел аумағы бойынша 5 миллион көшет егу

көзделген. Бұл ретте 2024-2025 жылдары 5,8 миллион ағаш отырғызылған. Жалпы, 2023-2026 жылдар аралығында 856 миллиард теңгеге 100-ден аса әлеуметтік жоба жүзеге асырылған.


Нұрлан Жақыпов биыл қазан айында Қосшы қаласында NVIDIA B300 базасындағы жаңа суперкомпьютерді іске қосу жоспарланғанын айтты. Жаңа кластер жұмыс істей бастаған соң «Қазақтелеком» портфельдік компаниясындағы суперкомпьютер қуаты төрт есе артады. Бұл еліміздің жасанды интеллект, деректерді өңдеу және өнімі жоғары есептеуіш саласындағы мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы Қордың негізгі жұмыс бағыттары, соның ішінде басты инвестициялық жобаларды уақытылы іске асыру бойынша бірқатар міндет жүктелді.

## ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАҢА ҚАДАМ

Кітапхана білімнің шамшырағы болса, кітап – ұлттық өрлеу кепілі. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тура бір ай бұрын, 2026 жылғы 16 мамырда тарихи мәні бар №1279 Жарлыққа қол қойған болатын. Құжат «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» деп аталады. Ол рухани жаңғыруға, адами капиталды дамытуға, қазақстандық қоғамның зияткерлік және мәдени әлеуетін нығайтуға бағытталған. Осы өткен бір ай ішінде қандай жұмыстар атқарылды? Алда не істелмек?

→ 5



## ӨНДІРІСКЕ ОРТАҚ ЕРЕЖЕ КЕРЕК

Қазақстанда жиһаз өндірісі соңғы жылдары қарқынды өсіп келеді. Қазақстан Республикасы Жиһаз және ағаш өңдеу өнеркәсібі өндірушілері қауымдастығының мәліметінше, саладағы өндіріс көлемі 2024 жылы 105,4 млрд теңгеге жетіп, 27,6 пайызға артқан.



→ 4

18 МАУСЫМ 2026 | БЕЙСЕНБІ

# МӘЖІЛІС МАҢЫЗДЫ ЗАҢДАРДЫ ҚАРАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар бірқатар ратификациялық заңды қабылдады. Олардың қатарында Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкімен, сондай-ақ Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкімен арадағы қарыз туралы келісімдер, Еуразия экономикалық одағы мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы экономикалық әріптестік туралы келісім, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы трансшекаралық су объектілерін бірлесіп басқару және ұтымды пайдалану туралы келісім, ҰҚШҰ шеңберіндегі келісімдерге хаттамалар бар.

Депутаттарға «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді («Экономиканың инклюзивті және орнықты өсуі» даму саясатын қаржыландыруға арналған екінші қарыз) ратификациялау туралы» заң жобасын және жалпы отырыста жұмысқа қабылданған «Қазақстан Республикасы мен Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді (Инклюзивті және орнықты экономикалық өсу бағдарламасы) ратификациялау туралы» заң жобасын Қаржы министрі Мәди Такиев таныстырды.

Ол жалпы сомасы 154,7 млрд жапон йеніне тең қарыз туралы келісімдерге Президенттің жарлықтарына сәйкес 2026 жылғы 20 мамырда және 15 маусымда кол қойылғанын айтты.

— Қарыз валютасы ретінде жапон йенін таңдау Жапониядағы төмен ба-



залық пайыздық мөлшерлемеге, сондай-ақ тенге мен жапон йені арасында тығыз байланысқа негізделген. Бұл қаражат экономиканың маңызды салаларын қаржыландыруды қоса алғанда, Үкіметтің бірінші кезектегі шараларын қолдауға мүмкіндік береді. Осы банктердің қарыздары 5 жылдық жеңілдік кезеңін қоса алғанда, 11 жыл өтеу мерзімімен беріледі, — деп түсіндірді Қаржы министрі.

Ол сондай-ақ тартылатын қарыздар бойынша міндеттемелер республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатынын атап өтті. Бұл банктер Қазақстанның стратегиялық серіктестері ретінде ел экономикасына елеулі үлес қосып келеді.

Ратификациялау жобаларын талқылау барысында депутаттар баяндамашы мен қатысып отырған мемлекеттік органдардың өкілдеріне банктерді таңдаудың негізділігі, қарыздар уақытылы өтелмеген жағдайдағы сын-сәттерлер, мемлекеттік қарыздың ұлғаю себептері мен тапшылықты жабудың ықтимал балама көздері және басқа да мәселелер туралы сұрақ қойды.

Сонымен қатар Мәжіліс бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы экономикалық әріптестік туралы келісімді ратификациялады.

Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев өз баяндамасында айтып өткендей, 2025 жылғы 27 маусымда Минскіде Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысы аясында жасалған келісім тауар номенклатурасының 85%-дан астамына қатысты импорттық кедендік бажды жоюды көздейді. Импорттық кедендік бажды жоюдан бөлек, құжат саудадағы техникалық кедергілер, санитарлық және фитосанитарлық шаралар, кедендік ынтымақтастық, ішкі нарықты қорғау тетіктері және басқа да мәселелерді қамтиды.

Қосымша баяндама жасаған Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Ерлан Әбдиев:

— Келісімнің негізгі мақсаты Еуразиялық экономикалық одақ елдері мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы сауда қатынастарын дамытуға және нығайтуға бағытталған. Сондай-ақ Қазақстанның тауарларын Біріккен Араб Әмірліктерінің нарығына шығару үшін қолайлы жағдай жасау көзделіп отыр. Бұл мемлекет — біздің еліміздің Таяу Шығыстағы негізгі экономикалық серіктестерінің бірі. Келісім Біріккен Араб Әмірліктерімен өзара сауда-экономикалық және инвестициялық қатынасты кеңейтуге берік негіз болады, — деді.

Депутаттарға хаттамаларды ратификациялау туралы бірден екі жобаны

— 2010 жылғы 10 желтоқсандағы Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдары құрылымдарының мәртебесі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы және 2015 жылғы 15 қыркүйектегі ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің әскери және басқа да құрылымдарын, олардың жылжымалы мүлкін, сондай-ақ әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдау саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаларды Қорғаныс вице-министрі Аскар Мұстабеков таныстырды.

Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Асхат Рақымжанов қосымша баяндамада атап өткендей, бірінші құжаттың мақсаты — бюрократиялық олқылықтарды жою және әскери құрылымдардың уақытша болуын және оларды басқаруды жүзеге асыруды нақты регламенттеу. Екінші құжат біріншісімен тығыз байланысты және транзит мәселелерін онтайландыра отырып, күштерді қайта топтастыру кезіндегі әкімшілік кедергілерді жоюды.

Үкілетті органдардың өкілдеріне бірқатар нақтылау сұрақтарын қойғаннан кейін депутаттар екі хаттаманы да ратификациялау туралы шешім қабылдады.

Мәжілістің күн тәртібіне, сондай-ақ жалпы отырыс барысында жұмысқа қабылданған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Респуб-

ликасының Үкіметі арасындағы трансшекаралық су объектілерін бірлесіп басқару және ұтымды пайдалану туралы келісімді ратификациялау туралы» заң жобасы шығарылды.

Су ресурстары және ирригация министрінің міндетін атқарушы Нұрлан Алдамжаров құжатқа 2025 жылғы 15 қарашада Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Өзбекстанға жасаған мемлекеттік сапары барысында кол қойылғанын айтты. Оның мақсаты — трансшекаралық су объектілерін бірлесіп тиімді басқаруды, ұтымды пайдалануды, сондай-ақ мемлекетаралық маңызы бар су шаруашылығы құрылысжайларын қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету.

Мәжіліс депутаты, заң жобасы бойынша жұмыс тобының жетекшісі Павел Казанцевтің айтуынша, ынтымақтастық шеңберінде шекаралас гидробекеттерде суды есепке алу және трансшекаралық су объектілеріндегі су ресурстарын келісілген түрде бөлу жүзеге асырылатын болады. Сондай-ақ деректерді онлайн режимде беруді қамтамасыз ете отырып, трансшекаралық су объектілері мен мемлекетаралық пайдалануға берілген су шаруашылығы құрылыстарынан су алуды тіркейтін бірлескен автоматтандырылған жүйе құру, суды үнемдеу және ысырапты азайту, мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын жаңғырту жөніндегі іс-шаралар көзделді.

— Су ресурстарын пайдалануға мониторинг жүргізу және олардың сарқуына жол бермеу жөнінде бірлескен шаралар қабылдау, табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен олардың салдарын жою жөніндегі шаралар және басқалары қарастырылған. Келісімді ратификациялау екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ғана емес, сонымен бірге өңірдің су шаруашылығы кешенінің орнықты дамуын қамтамасыз етуге де ықпал етеді, — деп түйіндеді Павел Казанцев.

Депутаттар баяндамашы мен мемлекеттік органдардың өкілдеріне осы жұмыстарды қаржыландыру көздері, ел аумағына келетін трансшекаралық сулардың сапасын бағалау, фермерлік қожалықтар үшін су тапшылығының алдын алу бойынша бірлескен жұмыс, Аралды қалпына келтіру және басқа да өзекті мәселелер туралы сұрақтар қойды.

Жалпы отырыс соңында депутаттар мемлекеттік органдарға өзекті әлеуметтік және экономикалық тақырыптар бойынша 17 депутаттық сауал жолдады.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ФОРУМ ӨТТІ



Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов V Ташкент халықаралық инвестициялық форумына қатысып, Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёевтің қабылдауында болды.

Кездесу барысында Олжас Бектенов Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жылы лебізі мен ізгі тілегін жеткізді. Екі ел арасындағы өзара іс-қимыл сенімге, өзара түсіністікке

және бауырлас халықтар арасындағы берік достыққа негізделген стратегиялық әріптестік пен одақтастықтың жарқын үлгісі екені атап өтілді. Екі мемлекеттің басшылары кол жеткізген уағдаластық-

тардың көпжоспарлы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға тың серпін беріп отырғаны айтылды. 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы өзара сауда көлемі 16,2%-ға

артып, \$4,8 млрд-қа жетті. Биылғы қантар-сәуір айларында екіжақты тауар айналымы \$1,9 млрд-ты құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 42,1%-ға артық. Кездесуде сауда-экономикалық байланыстарды дамыту, өнеркәсіп кооперациясын кеңейту, көлік-логистика саласындағы өзара ықпалдастықты нығайту, сондай-ақ энергетика, су ресурстары және туризм салаларындағы ынтымақтастық мәселелеріне назар аударылды.

Форум жұмысына Өзбекстан мен Албания президенттері, Әзербайжан, Беларусь, Қырғызстан, Ресей Федерациясы және Тәжікстан үкіметтерінің басшылары, сондай-ақ бизнес, халықаралық даму банктері мен мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты. Іс-шара барысында тұрақты экономикалық даму, инвестициялар тарту және инновациялар енгізу мәселелері талқыланды.

Форумда сөз сөйлеген Олжас Бектенов Қазақстан Орталық Азияның экономикалық әлеуетін ашу мақсатында өңір елдері арасындағы өзара іс-қимылды одан әрі тереңдетуді қолдайтынын атап өтті.

Қазақстанда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан институционалдық реформалар орнықты әртарапандырылған экономикалық өсімді қамтамасыз етуге бағытталған. Инвестициялық ахуалды жақсартуға және іскерлік белсенділікті арттыруға ерекше назар аударылуда. Қазақстан Республикасының жаңа Конституция-

сында әділетті әрі қуатты мемлекет құрудың берік негізі қаланып, бұл еліміздегі іскерлік ортаны одан әрі жетілдіруге және инвестициялық тартымдылықты арттыруға қосымша мүмкіндік жасайды.

Қазіргі таңда 2030 жылға дейінгі инвестициялық саясат тұжырымдамасы жаңартылды. Шетелдік капитал тарту көлемін кеңейту үшін Kazakh Invest ұлттық компаниясының басым нарықтарға қатысуы күшейтілуде. Бас прокуратура жанындағы Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті бизнестің заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етеді. Инвесторлар мен жоғары білікті мамандар үшін елде болу шарттарын жеңілдетуді көздейтін Altyn Visa жаңа арнайы визалық режимі енгізілуде. Бірлесіп қабылданған бұл шаралар инвестициялық белсенділікті ынталандыруға және Қазақстандағы жоғары технологиялы жаңа салалардың дамуын жеделдетуге бағытталған.

Премьер-министр цифрлық технологиялар мен ЖИ саласындағы ынтымақтастықтың әлеуетін атап өтті. Қазақстан жаңа буынның IT-экожүйесін белсенді қалыптастыруда: екі суперкомпьютер пайдалануға берілді, Aem.ai халықаралық жасанды интеллект орталығы құрылды. Орталық Азиядағы цифрлық хабқа айналуда бағытталған «ДҰО алқабы» жобасы жүзеге асырылуда. Жобаны дамытуға әлемдік IT алпауыттары — Firebird және NVIDIA қазірдің өзінде \$10 млрд көлемінде инвестиция салып отыр.

## ПРЕЗИДЕНТ БАСТАМАЛАРЫ ТҮРКІ ЖАСТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНДА



Түркі әлемінің жастары Алматыда бас қосып, Президент бастамаларын қолдады.

Алматыда «2025 жылғы Түркі әлемінің жастар астанасы» мәртебесі аясындағы қорытынды іс-шаралар өтті. Бес күн бойы Қазақстан, Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан және Түрікменстанның жастар делегациялары түркі мемлекеттері жастар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған білім беру, диалог, экологиялық, еріктілік және мәдени жобаларға қатысты.

Іс-шаралар бағдарламасы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған негізгі басымдықтарға сәйкес әзірленді. Олар — цифрландыру және жасанды интеллект, «Заң мен тәртіп» қағидаты, «Таза Қазақстан» экологиялық бастамасы және еріктілік қозғалысты дамыту.

Цифрландыру бағыты аясында Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің жастары мен сарапшылары қатысқан халықаралық Digital Turkic Youth форумы өтті. Технологиялық компаниялар мен білім беру ұйымдарының өкілдері жасанды интеллекттің дамуы, цифрлық технология, болашақтың құзыреттері

және еңбек нарығындағы өзгерістер жайын талқылады.

Адами капиталды дамыту мәселесіне арналған Kazakhstan — Turkey Psychosocial Support Project халықаралық форумы Қазақстан мен Түркияның сарапшыларын бір алаңға жинады. Қатысушылар жастарға психоэмоционалдық қолдау көрсету, эмоционалдық тұрақтылықты арттыру және дағдарыс жағдайларының алдын алу мәселелерін қарастырды. Сонымен қатар делегациялар Алматының Төтенше жағдайлар департаментіне барып, күйзеліске төзімділікті арттыру бойынша тәжірибелік тренингке қатысты.

Спорт бағыты бойынша қатысушылар «Кайрат» футбол клубы академиясында жас спортшыларды даярлау жүйесімен танысты.

Іс-шаралардың маңызды бөлігінің бірі Түркі мемлекеттері ұйымының халықаралық жастар кемпингі болды. Оның аясында жастар дипломатиясы мен мәдениетаралық ынтымақтастыққа

арналған Beyond Borders: Youth Without Borders сессиясы, сондай-ақ цифрландыру, экология, еріктілік және қоғамдық даму бағыттарындағы бастамаларды әзірлеуге арналған Youth Solutions Lab хақатоны ұйымдастырылды.

Халықаралық еріктілікті дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Еріктілердің халықаралық жылы аясында жүзеге асқан «Атташе мектебі» жобасына қатысушылар халықаралық хаттама мен мәдениетаралық коммуникация негіздерін меңгеріп, шетелдік делегацияларды қолдауға атсалысты.

«Таза Қазақстан» бастамасын қолдау мақсатында Turkic Youth Tree of Unity экологиялық акциясы өтті. Түркі мемлекеттерінің жас өкілдері қоршаған ортаны қорғаудағы ортақ жауапкершілік пен бірліктің белгісі ретінде ағаш екті.

«Заң мен тәртіп» қағидатын насихаттау аясында азаматтық жауапкершілік, құқықтық мәдениет және қоғамдық қауіпсіздік мәселелері бойынша тақырыптық кездесулер мен пікірталас алаңдары ұйымдастырылды.

14 маусым күні жобаның салтанатты жабылу рәсімі өтіп, қорытындыланды. Сондай-ақ Түркі әлемінің жастар астанасының символикалық кілті Өзбекстан Республикасының өкілдеріне табысталды.

Айта кету керек, 2025–2026 жылдары аталған мәртебені іске асыру кезеңінде Алматыда 8 мыңнан астам жасты қамтыған 60-тан астам іс-шара өткізілді. Бұл жоба жастар дипломатиясын нығайтуға, гуманитарлық байланыстарды кеңейтуге және халықаралық жастар ынтымақтастығын дамытуға ықпал етіп, Алматының түркі әлемінің жетекші жастар орталықтарының бірі ретіндегі мәртебесін тағы бір мәрте айқындады.

А. БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

## «ҚАЛА ХИКАЯЛАРЫ»: ЖАҢА БӘЙГЕ ЖАРИЯЛАНДЫ

Мәдениет және ақпарат министрлігі «Қала хикаялары» атты жаңа республикалық әдеби байқау жариялайды. Байқау проза жанрына, оның ішінде қазіргі Қазақстан қалаларының тыныс-тіршілігін көркем шығармалар арқылы бейнелейтін романдарға арналады.



Байқауға қатысушылар қала мәдениеті, адам тағдыры, қоғамдағы өзгерістер мен ұлттық болмыс және заманауи құндылықтардың сабақтастығы тақырыптарын көркем туындылар арқылы жеткізе алады. Байқауға 10 авторлық баспа табақ болатын, бұрын еш жерде жарияланбаған қала тақырыбындағы романдар қабылданады. Әр автор бір ғана шығармасын ұсынуы тиіс. Сондай-ақ кез келген Қазақстан Республикасы азаматының байқауға қатысуға мүмкіндігі бар.

Женімпаздарды белгілі жазушылар мен қоғам қайраткерлерінен құралған қазылар алқасы анықтайды. Қорытынды шешім ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Байқау қорытындысы бойынша үздік шығармалардың авторлары дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталады. Сонымен қатар жүлделі орын алған романдар 15 мың данамен басылып, еліміздің кітапханаларына таратылады.

Республикалық байқау ережесіне сәйкес, жеңімпаздарға белгіленген сый-ақылар: бас жүлде — 100 мың АҚШ доллары; I орын — 75 мың АҚШ доллары; II орын — 50 мың АҚШ доллары; III орын — 30 мың АҚШ доллары.

Байқау жұмыстары 2026 жылғы қыркүйек пен желтоқсан айлары аралығында қабылданады. Жұмыстар Мәдениет және ақпарат министрлігінің мекенжайы бойынша өткізілуі қажет.

Қазақстанда геологиялық барлау өзекті тақырыпқа айналса да, салада әлі күнге ауыз толтырып айтарлық жоба жоқтың қасы. Бұл мәселені Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы Жолдауында күн тәртібіне шығарып, айрықша назар аударуды қажет ететінін айтқан болатын. Еліміздің минералды шикізат базасын толықтыру үшін тау-кен саласын басқару мәселесіне қатысты жаңа заңдар қабылданғанымен, заң талаптарын толық орындамай жатқанын ескерткен-ді. Айтып отырған олқылық та осыдан келіп шығады. Сол үшін ахуалды дереу өзгертуге үндеген. Тиісті министрлік осы бағытта қарқынын үдетіп, жаңа бассейндерді зерттеуге кіріссе де, саланы басқарудағы жүйесіз қадам кедергі болып тұрған сияқты.

Ербол ТҰРЫМБЕТ

АЛДЫМЕН ҚОЛДА БАР  
ДЕРЕКТЕРДІ САРАЛАП АЛАЙЫҚ

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының басшысы Асхат Хасенов биыл ақпанда Мемлекет басшысының қабылдауында болғанда іздеу ұңғымаларына қатысты мәлімет беріп, былтыр 8-ін бұрғылау аяқталғанын, 2029 жылға дейін тағы 24-ін қазу жоспарланғанын айтқан еді. Бұл жұмыстарға жалпы көлемі 900 млн доллар инвестиция тарту көзделген. Хасеновтің көңілге қонымды мәлімдемесінен соң соның ізін ала тура сол ақпанда Үкімет басшысы Олжас Бектенов кереғар жайттың бетін ашқандай болды. Премьер-министр депутаттар сауалына берген жауабында Қазақстандағы мұнай-кен орындарының 70%-дан астамы игерудің соңғы кезеңіне өткенін мәлімдеген. Әсіресе, мұнай қорлары едәуір сарқыла бастағанын ашық айтқан. Өйткені ұңғымалардан шығып жатқан сұйықтықтың құрамында су көбейіп кеткен. Кейбір кен орындарынан шығып жатқан кара алтын құрамындағы судың үлесі 95%-дан асқан. Соған қарамастан жер қойнауында өндіруге болатын мұнай қорының әлі де 60-70%-ына дейін сақталуы мүмкін. Алайда бұл қорларды өндіріске тарту үшін қомақты инвестициялар мен күрделі, шығыны жоғары технологияларды қолдану қажет.

Мұндай жағдайдан соң Тоқаевтың барлау жұмыстарын күшейтуге қатысты тапсырма беруінің сыры түсінікті бола бастайды. Ал қазіргі дәлелденген қорымызға қарасақ, Энергетика министрлігінің дерегіне қарағанда елде 15,5 млрд тонна геологиялық және 4,4 млрд тонна өндірілетін мұнай қоры бар. Егер жылына 100 млн тонна мұнай өндіріп отырсақ, бұл қор шамамен 40-45 жылға жетеді. Бірақ барлаудан нақты өндіріске дейінгі кедергілер мен қиындықтарды ескеретін болсақ, бұл сандар тағы өзгеруі мүмкін.

Президент тапсырмасынан кейін шұғыл іске кіріскен салалық министрлік осыдан бір жыл бұрын әлі толық зерттелмеген шөгінді бассейндерде барлау жұмыстары жүргізілетінін мәлімдеген. Сол жерлерде мұнай мен газдың мол қоры болуы мүмкін деген сенім берік. Бұл жұмыстар, әсіресе еліміздің оңтүстік-шығыс және солтүстік өңірлеріндегі Шу-Сарысу, Солтүстік Торғай бассейндерінде жүзеге асырылмақ.

## БАРЛАУ БОЛМАСА, БАЙЛЫҚ ТА БАЯНСЫЗ



ЕСКІ ӘДІСПЕН ӘЛІ ЖҮРМІЗ

Еліміздің мұнай-газ саласында біраз жыл еңбек етіп, кейін шетелдерде қызмет атқарған сала маманы Әнуар Битановтың айтуынша, геологиялық барлау дегеннің өзі құлды бір сауда нарығындағы құнды қағаздар сияқты. Кез келген жоба не сәтті, не сәтсіз кеңіс болуы мүмкін. Өйткені кара алтын бар дегеннің өзінде оны жер қыртысының арасынан суырып шығару көп еңбекті талап етеді. Геофизикалық зерттеу жұмыстары, топырақ сынақтарын сараптау, одан қалды қазба жұмыстары қаншалықты қиынға соғары белгісіз. Тіпті, барланған қордың өзінен дым шықпай қалуы да мүмкін. Ал айырмашылығы, құнды қағаздарға қоғамдық, әлеуметтік, саяси немесе тағы басқа факторлар жиі әсер ететін болса, геологиялық барлауда олай емес. Егер кеңістігі қазғанда барлығын дұрыс істесе, онда ол сөзсіз тұрақты табыс әкеледі.

Оның сөзінше, өкініштісі сол, біз әлі күнге Кеңес Одағы заманындағы зерттеулер

мен солардың нәтижелерін қолданып келеміз. Ол уақыттары шынында да біраз табысты жұмыс атқарылды. Барлау жұмыстарын ұйымдастыру мен қаржыландыру мәселесінің өзі неге тұрады?! Жыл сайын осы жұмыстарға миллиардтаған рубль тұрақты бөлініп отырды. Өйткені бұл стратегиялық сала ретінде қарастырылды. Бүкіл экономика, тіпті мемлекеттің қауіпсіздік қабілеті соған байланды. Сол үшін арнайы Геология министрлігі құрылды. Ол бірнеше жылдық жоспарлар құрып, соны іске асырумен айналысатын.

Бірақ маманның айтуынша, қазіргі Қазақстандағы жағдай одан біршама басқа. Бізде Энергетика министрлігі, оның ішінде Геология комитеті мен одан бөлек тағы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне қарасты Ұлттық геологиялық қызмет бар. Бұларға қоса, әртүрлі геологиялық институт жұмыс істейді және олардың басқарылуы да қызық. Біразы Энергетика министрлігіне, енді кейбірі Оқу-ағарту министрлігіне бағынышты.

Сайып келгенде, геологиялық барлаумен айналысатын мемлекеттік орган көп, бірақ әрқайсысы белгілі бір деңгейде ғана атсалысады. Оның арты ортақ мақсатқа біріге алмай, жұмыс шашырап, бір-бірін қайталап, не өзара бәсекелесіп кетуі мүмкін. Мұндай шашыранқы жүйеде мекемелер бір-біріне сілтеп, жауапкершілікті мойнына алу жағы қиындауы мүмкін. Ақыры кімнен не сұрауды білмей

Сайып келгенде, геологиялық барлаумен айналысатын мемлекеттік орган көп, бірақ әрқайсысы белгілі бір деңгейде ғана атсалысады. Оның арты ортақ мақсатқа біріге алмай, жұмыс шашырап, бір-бірін қайталап, не өзара бәсекелесіп кетуі мүмкін. Мұндай шашыранқы жүйеде мекемелер бір-біріне сілтеп, жауапкершілікті мойнына алу жағы қиындауы мүмкін. Ақыры кімнен не сұрауды білмей

БАРЛАУҒА ҚАЖЕТ КӨРСЕТКІШТЕР  
БАҚЫЛАУДА ЖОҚ

Осы жерде КСРО заманынан алар бір сабағымыз, саланың жүйелі басқарылуында кемшілік бар сияқты. Табиғат пен табиғат ресурстарын басқару саласы мемлекеттік жүйемізде мың құбылып келеді. Атауын ауыстырып, құрылымын өзгертуде шата-сатындай жағдайға жеттік. Естеріңізде болса, солардың жалғасы ретінде елімізде 2019 жылы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі құрылған еді. Бұл құрылымға сол кезде Мағзұм Мырзағалиев басшылық еткен. Министр де, министрлік те осы атаумен 2023 жылдың басына дейін жұмыс істеді де, сол жылы қантарда меморганның атауынан тап осы «геология» сөзі түсіп қалды.

Экономикамызды әртараптандыруға неше жылдан бері талпынып, тіпті белгілі бір деңгейде нәтижеге жетіп жатсақ та, әлі күнге мұнай экспортына тым тәуелді екеніміз жасырын емес әрі осы қалпымыз әлі көп жыл сақталатыны күмәнсіз. Сондықтан сарапшының ойынша, геологиялық барлау саласын бір орталықтан басқару үшін бар жауапкершілікті толыққанды мойнына алатын, жүйелі жұмыс істейтін бір мемлекеттік орган керек-ақ. Тек соны геолог мамандығы бар бір адам басқарса игі. Өйтпесе, «шым-шық сойса да қасапшы сойсын» деген қағида осы салада сақталмай келеді. Өйткені тәуелсіздік алғалы бергі министрлердің ішінде мамандығы салаға сай келетіні некен-саяқ екен.

Геологиялық барлау тақырыбына келгенде мұнай шығатын жерді зерттеу, жобалау, жоспарлау жағы көп айтылады. Алайда мұның бәрі қандай да бір мәліметтерге сүйену керек. Ал барлаушылар ол мәліметті қайдан алады? Әнуар Битановтың айтуынша, Қазақстанда кара алтын қанша

көлемде өндірілетінін, оның қаншасы тасымалданатынын есептеп отыратын Ұлттық статистика бюросы мен басқа да талдау орталықтары бар. Бірақ тап осы геологиялық барлау қызметінде сараптама жасауға қажетті деген көрсеткіштер бақылауға алынбайды. Ол бәлкім, бір жерде жинақталып отыруы да мүмкін, бірақ еш жерде жарияланбайды.

Бұл не үшін қажет? Көптеген дамыған елде мұндай статистика жүргізіліп отырады. Мысалы АҚШ-та федералды геологиялық қызметі бар. Онда бұрғыланып немесе болжанып отырған мұнай көздері, олардың қаншалықты сәтті жүзеге асып жатқаны, белсенді бұрғылау құрылыстары туралы мәліметтер, тіпті жекеменшік бассейндер бойынша әлдеқайда терең деректер жиналып отырады. Оның бәрін кез келген адам ашып қарай алады.

Мұнай саласында әлемде ерекше орны бар елдердің бірі Норвегияда да солай. Оларда тіпті мәліметтер жинап отыратын орталығында (Norwegian Offshore Directorate) бұрғылау статистикалары жыл-жылға және өңір-өңірге бөліп жинақталады. Мәселен, Солтүстік теңіз жағы мен Баренц теңізінің деректері бөлек тұрады. Статистикаға мүдделі адам осыларға қарап-ақ өзіндік болжам жасай береді. Бірақ Норвегия мұнымен тоқтап қалмаған. Бұдан бөлек, көмірсутегі құрамы бар аумақтар жайлы да мәлімет дайындалып отырады. Осыныша қыруар мәліметтің бәрі жалпыға жария етіп қойылған.

«Дамыған елдердегі осындай жетілген жүйе бізде неге жасалмайды?» деген орынды сұрақ туындайды. Өйткені цифрландыру саласы қарқынды дамып, әлем назарына ілігіп жатқанда, осы салада небір дарынды маман отырғанда, мәлімет жинақтауда да бір жүйеге келтіруге өбден мүмкіндік бар деген сенім ұялайды.

Дәл осы барлауға қажет тым мәліметтер базасы күн тәртібіндегі өзекті тақырыпқа айналғанын Президент те сезген болуы керек. Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр қыркүйектегі Парламент палаталарының бірлескен отырысында осыны меңзеп сөйлегені бар еді. Сонда цифрлық құралдарды пайдалана отырып, жер қойнауының заманауи картасын жасайтын уақыт келгенін айтқан болатын.

«Мұндай қадам кен орындарының әлеуетін жаңа сапалық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Бұл жұмысқа да халықаралық сарапшыларды тартуға болады. Өрине, ғылыми негізі болмаса, барлау жұмысын ойдағыдай жүргізу мүмкін емес», — деген еді Президент.

Сол үшін 2026 жылдың ортасына дейін озық халықаралық стандарттарға сай сертификаты бар зертхана ашуды тапсырған. Тоқаевтың айтуынша, оны Ұлттық геологиялық қызметтің базасында құрған дұрыс. Сөйтіп, жер қойнауына қатысты мәліметтің бәрін жасанды интеллект технологиясын енгізу арқылы жүйеліп, цифрландыру қажет.

18 МАУСЫМ 2026 | БЕЙСЕНБІ


# ӨНДІРІСКЕ ОРТАҚ ЕРЕЖЕ КЕРЕК

Қазақстанда жиһаз өндірісі соңғы жылдары қарқынды өсіп келеді. Қазақстан Республикасы Жиһаз және ағаш өңдеу өнеркәсібі өндірушілері қауымдастығының мәліметінше, саладағы өндіріс көлемі 2024 жылы 105,4 млрд теңгеге жетіп, 27,6 пайызға артқан. Алайда нарықтың өсуімен бірге мәселелер де көбейіп келеді. Әлеуметтік желілерде алдын ала төлем алып, тапсырысты орындамай кеткен кәсіпкерлерге қатысты шағымдар жиілеген. Кейбір компаниялар келісілген мерзімді бірнеше айға созса, енді бірі тұтынушы күткен сапаны қамтамасыз ете алмайды. Соның салдарынан мыңдаған теңге емес, кейде бірнеше миллион теңге жұмсаған азаматтар шығынға батуда.

## А Кәмила ДҮЙСЕН

Бұл мәселе кездейсоқ емес. Өйткені жиһаз өндірісімен айналысу үшін бүгінде арнайы лицензия талап етілмейді. Соның арқасында нарыққа тәжірибелі кәсіпорындармен қатар өндірістік базасы жоқ, кәсіби дайындығы жеткіліксіз ойыншылар да кіріп жатыр. Ал олардың әрекеті тұтас саланың беделіне әсер етеді.

Осы жағдайға байланысты Қазақстанда жиһаз өндірушілерді лицензиялау мәселесі қайтадан талқылана бастады.



Жиһаз өндірісін лицензиялау бастамасын қолдайтынның бірі — сала сарапшысы Антонина Есмағанбетова. Оның айтуынша, бүгінде жиһаз өндірісін бастау үшін арнайы кәсіби талаптардың болмауы нарықтағы негізгі проблемалардың біріне айналған.

«Қазір жиһаз өндірісін ашу үшін арнайы тәжірибе, кәсіби білім немесе жауапкершілік талап етілмейді. Соның салда-

рынан бұл салаға кез келген адам келіп жатыр. Өкінішке қарай, мұның зардабын ең алдымен қарапайым тұтынушылар тарталды. Бірі алдын ала төлем алып, кейін байланысқа шықпайды. Екіншісі тапсырысты бірнеше айға кешіктіреді. Үшіншісі сапасыз өнім жасап, қымбат материалдарды бүлдіреді. Мұндай жағдайлар бүкіл нарықтың беделіне нұқсан келтіреді», — дейді сарапшы.

Оның пікірінше, мәселе тек сапасыз өнімде емес. Көп жағдайда адамдар жылдар бойы жинаған қаражатын жұмсап, өз үйіне немесе жаңа қонысына жиһаз алуға

тапсырыс береді. Сондықтан бұл саладағы жауапкершілік деңгейі де жоғары болуға тиіс.

«Көптеген отбасы үшін жиһаз — күнделікті алынатын зат емес. Бұл тұрғын үйімен көптеген кейінгі ең ірі сатып алулардың бірі. Адамдар өз ақшасын сеніп тапсырады, ал нәтижесінде сапасыз қызмет аласа, оның материалдық қана емес, моральдық шығыны да болады. Сон-

дықтан тұтынушының қорғаудың қосымша тетіктері қажет деп есептеймін. Лицензиялау дәл сондай құралдардың бірі болуы мүмкін. Ол ең алдымен белгілі бір кәсіби талаптар мен жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталуы керек», — дейді Антонина Есмағанбетова.


Сарапшы лицензиялау бизнесті қиындату немесе нарыққа жаңа қатысушылардың келуіне тосқауыл қою үшін енгізілмеуі тиіс екенін атап өтті. Керісінше, бұл шара саланы жүйелеуге және адал кәсіпкерлердің жұмысын қорғауға мүмкіндік береді.

«Лицензиялау барлық мәселені бірден шешіп тастайды деу дұрыс емес. Бірақ ол нарықтағы кездейсоқ адамдардың үлесін азайтып, кәсіби мамандардың үлесін арттыруға көмектеседі. Бұдан тұтынушылар да, адал өндірушілер де ұтады. Біріншілері ақшасын сенімдірек тапсырады, ал екіншілері біліктілігі жоқ әрі демпингпен жұмыс істейтін кәсіпкерлермен тең жағдайда бәсекелесуге мәжбүр болмайды. Нәтижесінде, нарық ашық әрі кәсіби сипатқа ие болады. Өйткені сапалы жиһаз дегеніміз тек әдемі көрініс емес, ол — қауіпсіздік, ұзақмерзімділік және тұтынушы алдындағы жауапкершілік», — дейді ол.

Сарапшы көтерген мәселе нарықтағы статистикамен де үндеседі. Mada Consult компаниясының талдауына сәйкес, Қазақстандағы жиһаз нарығы тұрақты өсіп келе жатқанымен, саладағы бәсеке де күшейген. Компания дерегіне, жиһаз дүкендерінің шамамен жартысы жұмысын бастаған алғашқы үш жыл ішінде жабылады. Нарыққа жаңа ойыншылардың көптеп келуі бір жағынан таңдау мүмкіндігін арттырса, екінші жағынан, сапа мен жауапкершілік мәселесін өзекті етіп отыр.

Сонымен қатар зерттеу авторлары тұрғын үй құрылысының өсуі мен коммерциялық сектордың кенеюі жиһазға деген сұранысты арттырып отырғанын атап өтеді. Бүгінде нарықтың 70 пайызы тұрғын үй сегментіне тиесілі болса, қалған бөлігі кенсе, қонақүй және мейрамхана жиһаздарына тиесілі. Сарапшылардың пікірінше, осындай өсім жағдайында саладағы кәсіби стандарттар мен тұтынушының қорғау тетіктеріне сұраныс та арта түседі.

Дегенмен лицензиялау бастамасына сақтықпен қарайтын кәсіпкерлер де бар. Соның бірі — жиһаз жасаушы, жеке кәсіпкер Жарылқасын Өмірбаев. Оның пікірінше, бұл мәселені «қолдаймын» немесе



«қарсымын» деп біржақты бағалау қиын, өйткені бәрі енгізілетін талаптардың мазмұнына байланысты.

«Нарықта расымен де әртүрлі адамдар жұмыс істеп жүр. Бірі өндіріс орнын ашып, маман дайындап, салық төлеп, кәсібин жүйелі түрде жүргізеді. Ал енді бірі әлеуметтік желіде жарнама беріп, өзін үлкен компания ретінде көрсеткенімен, артында нақты өндірісі де болмауы мүмкін. Осындай жағдайлардан кейін тұтынушылардың сенімі азайып, бүкіл салаға сын айтылады. Сондықтан нарықта белгілі бір тәртіп болуы керек деген пікірмен келісемін», — дейді ол.

Сонымен қатар кәсіпкер лицензиялау тетігі адал жұмыс істейтін шағын бизнеске қосымша ауыртпалық түсірмеуі тиіс деп есептейді. Оның айтуынша, соңғы жылдары шағын өндіріс орындары әртүрлі әкімшілік рәсімдер мен есептіліктің арасында жұмыс істеуге мәжбүр.

«Лицензиялау енгізіледі екен деп, оны кәсіпкерлер үшін кезекті қағаз жинайтын науқанға айналдырмау керек. Қазірдің өзінде шағын цехтар түрлі талаптарды орындап отыр. Егер лицензия кәсіби білікті арттыруға, сапаны бақылауға және нарықты тазартуға бағытталса, оның пайдасы болады. Ал егер бұл тек қосымша бюрократиялық кедергіге айналса, онда одан кәсіпкер де, тұтынушы да ұтпайды. Сон-

дықтан мәселенің түйіні лицензияның бар-жоғында емес, оның қалай жұмыс істейтінінде деп ойлаймын», — дейді Жарылқасын Өмірбаев.

Кәсіпкердің айтуынша, саланың болашағы ең алдымен жауапкершілік мәдениетінің қалыптасуына байланысты. Оның пікірінше, клиент алдындағы міндеттемелерді орындауы, кепілдік беру жүйесінің дамуы және сапа стандарттарының сақталуы лицензиядан кем маңызды емес.

«Соңғы жылдары тапсырыс берушілердің талабы да өзгерді. Бұрын адамдар тек жиһаздың бағасына қараса, қазір қызмет көрсету сапасына, кепілдікке, материалдың шығу тегіне дейін мән береді. Сондықтан нарық бәрібір өзгереді. Бұл өзгеріс лицензия арқылы келе ме, әлде басқа тетіктер арқылы келе ме — ол бөлек мәселе. Бірақ тұтынушының сенімін арттыратын нақты талаптар қажет екені анық», — дейді ол.

Расымен де, жиһаз өндірісі — тек кәсіп емес, тұрмысымызды тиімді ететін, өмірімізге көрік беретін сала. Халық жиі жүргізілген тектен бастап бүгін жиһаз жасаушының жауапкершілігі мен кәсіби мәдениетін арттыру мәселесін сөз етуге мәжбүрміз. Ал бұл тұрғыда тұтынушы сенімін нығайтудың ең тиімді жолы сапаға негізделген әділ әрі ашық нарық қалыптастыру болып қала бермек.

# АЙЫППҰЛ: САНДАР МЕН САЛДАР

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс жыл сайын қатаңдатылып, жаңа нормалармен толығып жатыр. Мемлекет қомақты айыппұлдар арқылы қоғамда тәртіп орнатқысы келеді. Бірақ ел ішінде бұны халықтың есебінен бюджет жыртқығын жамау құралы деп сынайтындар көп. Шектен тыс санкциялық қудалау саясаты билік пен бұқараның арасына сызат түсірмей ме? Жоқ, әлде жазаны ауырлату тентекті тезге салатын жалғыз амал ма?


## А Еркебұлан НҮРЕКЕШ

Қазақстанда 2016–2026 жылдары әкімшілік бақылау жүйесі түбегейлі жаңғырды. Үлкен қалаларда, республикалық маңызы бар тасжолдарда «Сергек», «Арқан», «Ұлан» тәрізді ақылды камера кешендері жаппай іске қосылды. Бизнес саласында да «саптыаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарау» үрдісі белен алды. Кәсіпкерлік мақсатта жеке аударымдарды қабылдауға тыйым салынды. Электрондық шот-фактура тапсыру, тауарларды таңбалау талаптары енгізілді. Сауда-саттық, қызмет көрсету нысандарына кассалық аппарат қою міндеттелді. Салықтан жалтарған, кірісін жасырған, декларацияны кешіктірген, тұтынушыға түбіртек ұсынбаған немесе таңбалаусыз тауар сатқан ШОБ субъектілеріне ірі мөлшерде айыппұлдар бекітілді, тіпті лицензиядан айыруға дейінгі қатаң санкциялар белгіленді. Қоғамдық орында былапты сөйлеу, коқыс тастау, тыныштықты бұзу, вандализм әрекеттері үшін жазалау шаралары күрт күшейді. Айыппұл көлемі еселеп артып, әкімшілік қамау мерзімдері мейлінше ұзарды.

Бұлардың бәрі қағаз жүзінде қалмай, қас-қағым сәтте орындалады. Өйткені аталмыш өзгерістердің артында ауқымды цифрлық интеграция тұр. Smart Data Ukmet платформасы шеңберінде ИМ, Салық комитеті және Әділет министрлігінің мәліметтер базасы бір арнаға біріккен. Мысалы, полиция патруліндегі «Қорғау» қосымшасы айыппұл арқалап жүрген көлік иелерін бірден анықтайды. Көшедегі көліктердің нөмірін лезде сканерлеп, мойнында өтелмеген қарызы бар жүргізушілерді тауып, инспектордың планшетіне белгі береді. Сонымен қатар қандай да бір айыппұл рәсімделген бетте жеке сот орындаушылардың бірінғай автоматтандырылған дерекқорына жолданады. Өз кезегінде сот орындаушы борышкердің банк карталары мен есепшоттарын бұғаттап, шекарадан өтуіне шектеу қоя алады.

Алайда биліктің құрығын ұзартқан цифрлық технология тұрғындардың тынысын тарылтқанға ұқсайды. Қазнетте қадағалаушы жүйеге қарсылық ретінде «штрафстан» деген термин пайда болды. Басында күлмекке жақсы деп тараған бұралқы сөз қызды-қыздымен әлеуметтік желіде танымал мемге айналды. Себебі әзілдің астарында зіл жатыр. Әсіресе, айлық табысы ас-ауқаттан артылмайтын жұпаны жұрт айыппұл сомасы тым жоғары деп шағынады. Көлік жүргізушілері «көп жағдайда камералар адам байқаусызда қателесетін, жылдамдық шегі шұғыл төмендейтін ыңғайсыз жерлерге әдейі құрылады» деп ренжиді. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында коммерциялық компаниялардың айыппұлдан үлес алуы «бұл — қауіпсіздік емес, бизнес деген ойдың отына май құя түсті. Жол таңбаларының дұрыс сызылмауы, сапасыз жолдар, автотұрақ тапшылығы да азаматтарды еріксіз ереже бұзуға итермелеуі ықтимал. «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы бизнеске артылған жүктемелер тым қиын деп дабыл қағады. Рас, тауарды таңбалауға қажетті қымбат сканерлер сатып алуға мәжбүр болған, техникалық ақаулар кесірінен жазықсыз айыппұлға жығылып, артық шығынға батқан дүкендер жүздеп саналады. Тәуелсіз экономистер мемлекет олигархтар мен офшорларға тиіспей, елдегі ең қорғаныссыз, өзін-өзі жұмыспен қамтыған топтарды (таксистер, курьерлер, үй жұмысшылары, базардағы ұсақ саудагерлер) тығырыққа тіреді деп есептейді. Құқық қорғаушылар былапты сөйлеу жөніндегі заң нормаларының тым субъективті екенін алға тартады. Мәселен, «балағат сөзін» нақты лингвистикалық өлшемдері жоқ, соның салдарынан белсенділер мен журналистер жолсыз қудалауға ұшырауы мүмкін.

Билік бұл жүйені қайта жаңғыру, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және азаматтардың құқықтық мәдениетін көтеру кепілі деп түсіндіреді. Цифрлық бақылаудың миссиясы — адамды анду емес, қаржылық қысыммен қорқытып



ұстау да емес, қоғамда әділетті заң үстемдігін орнатып, тұрғындардың жайлы ортада жақсы өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау. Яғни, мемлекеттің ұзақмерзімді стратегиялық мақсаты — халықтың тәртіпке бағынуға бағдарланған мінез-құлқын қалыптастыру. Ақылды камералар заңды сыйлайтын көпшіліктің құқығын заңды сыйламайтын ашылықтан қорғау жолында жұмыс істеуге тиіс.

Бас прокуратураның ақпаратына жүгінсек, 2021–2025 жылдар аралығында Қазақстанда тіркелген әкімшілік құқықбұзушылықтардың жалпы санында тұрақты өсім байқалады екен. Бірақ бұл қоғамда жүгенсіздік көбейгенін көрсетпейді, керісінше, мемлекеттің заңсыздық фактілерін тіркеу қабілеті артқанын аңғартады. Бұрын құқықбұзушылықтардың дені ашылмайтын. Жылдамдықты асырған жүргізуші жол жиегінде полиция қызметкері тұрмаса, жазасыз жүйткіп кете беретін. Бүгінгі цифрлық құралдар адам факторын былай ысырып, осы уақытқа дейін көленкеде қалып келген теріс қылықтарды жарыққа шығарды. Қазір әкімшілік заңдарды белден басу көрсеткіші — жылына шамамен 8–10 млн жағдай. Статистика бойынша, мұның 70–75 пайызы жол ережесіне бұзуға (жылдамдықты асыру, жол таңбалары талаптарын сақтамау, автобус жолағына шығу), 10–12 пайызы қоғамдық тәртіпке (түкіру, коқыс лақтыру, шылбыр шегу, ұсақ бұзақылық, түнде тыныштықты бұзу), 5–7 пайызы

бизнеске (салық есептілігін кешіктіру, фискалдық чектерді бермеу, рұқсатсыз сауда жасау) тиесілі екен. Бұдан 7–10 жыл бұрын айыппұлдардың 40–45 пайызы ғана өндіріп алынған болса, биыл бұл көрсеткіш 80 пайызды енсерген. Оған екі себеп әсер еткен. Біріншісі, цифрлық интеграция: айыппұлдар eGov, SMS платформаларына және Kaspi, Halyk сынды екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшаларына кірігіп, жарты күнді жалмайтын қағазбастылық жойылған. Екіншісі, экономикалық ынталандыру: алғашқы 7 күнде 50 пайыз жеңілдіктен төлеу тетігі болғандықтан, халық қарызды көп созбай, тез қутылуға бейімделген.

Реформаның түпкілікті әлеуметтік нәтижесі көңіл көншітеді. Бақылау камералары қойылған көшелерде бастапқы 1–2 жылда жол-көлік оқиғалары 20–30 пайызға дейін азайған. Ең басты жетістік — өлім-жітім көрсеткішінің төмендеуі. Бұл айыппұл саясатының қалтаны қағуға емес, гуманитарлық хәм әлеуметтік мұраттарға бағытталғанын тағы бір дәлелдейді. Демек, жүйе өзінің негізгі миссиясын, адам денсаулығы мен өмірін сақтау міндетін орындап отыр.

Енді айыппұлдардың бюджет құрылымындағы рөлі жайында бірер сөз. Макроэкономикалық тұрғыдан қарағанда, айыппұл мемлекеттік бюджеттің салықтық емес түсімдер санатына жатады. Қазақстан қазынасының 80–85 пайыздан астамын салықтық түсімдер (КҚС, КТС, ТЖС

және т.б.) мен Ұлттық қордан аударылатын трансферттер құрайды. Салықтық емес түсімдердің, оның ішінде айыппұлдардың жалпы макроэкономикалық үлесі шамалы ғана, әдетте 1–3 пайыз төңірегінде. Дегенмен цифрлық жүйенің жергілікті бюджеттерге әкелетін кірісі республикалық деңгеймен салыстырғанда көбірек. Бұл қаражат қала инфрақұрылымын күтіп-баптауға, қауіпсіздікті сақтау шығындарын жабуға жұмсалады. «Айыппұл — бюджетті тоқтыру құралы» деген тұжырым экономика ғылымына да қайшы. Өйткені ол тұрақты әрі болжамды кіріс көзі емес. Мемлекет бюджетті жоспарлағанда құқықбұзушылықтың өсуін мақсат тұтпайды. Идеалды экономикалық жүйеде айыппұлдан түсетін табыс жылдан-жылға кемуі керек, себебі тұрғындар уақыт өте келе ереже бұзбауды үйренеді ғой.

Алайда бізгегі айыппұл саясатында әділетсіздік белгілері бар екенін мойындауға тиіспіз. Айыппұл көлемі АЕК-ке байланып, оның салдарын өркім әртүрлі сезінеді. Айна 150–200 мың теңге жалақы алатын адамға 10 АЕК айыппұлдың өзі ауыр тиеді. Ал әлдебір олигарх үшін 10 АЕК дегеніміз даяшыға тастап кететін шайлығынан да аз. Сондықтан бізге Скандинавия, Германия үлгісін қайталайтын, кедейге де, байға да салмақ теңдей түсетін прогрессивті жүйе қажет. Мысалы, Финляндияда азаматтың бір күндік табысы есептеледі. Жалпақ тілмен айтқанда, егер миллионердің бір күндік табысы 5 мың еуро болса, жол ережесін өрескел бұзғаны үшін ол 75 мың еуро төлейді. Сәйкесінше, күніне 50 еуро табатын қарапайым жұмысшы дәл сол қателігі үшін 750 еуро төлейді. Сонда екеуі де жазаның салмағын психологиялық, экономикалық жағынан бірдей түйсінеді.

Иә, әзірше азаматтар әкімшілік ережені айыппұлдан қорқып сақтайтын да шығар, әйтсе де 5–10 жылдан соң бұл әрекет әдетке, кейін әлеуметтік нормаға ұласады. Көлікке отырған бойда қауіпсіздік белдігін тағуды қалай үйренсек, жана тәртіпке де солай дағдыланамыз. Белдік тағуды қазір ешкім мемлекеттің қысымы деп ойламайды, қалайтып құбылыс деп біледі. Дәл солай ертен жылдамдық режимін сақтау да, көшеде коқыс шашпау да көлімді мәдени қолдымызға айналады. Қатаң бақылау ортасында өскен жас буын ереже бұзуды ерлік деп емес, мәдениетсіздік деп қабылдайтын болады. Бұйырса, ол күнге де жетерміз.



# ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ

## ЖОЛЫНДАҒЫ

# ЖАҢА ҚАДАМ

Кітапхана білімнің шамшырағы болса, кітап – ұлттық өрлеу кепілі. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тура бір ай бұрын, 2026 жылғы 16 мамырда тарихи мәні бар №1279 Жарлыққа қол қойған болатын. Құжат «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» деп аталады. Ол рухани жаңғыруға, адами капиталды дамытуға, қазақстандық қоғамның зияткерлік және мәдени әлеуетін нығайтуға бағытталған. Осы өткен бір ай ішінде қандай жұмыстар атқарылды? Алда не істелмек?

**А** Айхан ШӘРІП

### ТОҒЫЗ БАҒЫТТАҒЫ ТӘЛІМДІ ТАПСЫРМА

Алдымен Президент Жарлығында қандай ұзақмерзімді міндеттер қойылғанына тоқталсақ. Бірінші кезекте Мемлекет басшысы мәдениет, білім беру және инновациялар салаларындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын айқындады. Оған біріншіден, кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жатады. Екіншіден, оқырманға арналған заманауи инфрақұрылымды дамыту мемлекеттік басымдық болмақ. Ол цифрлық құралдарды кеңінен қолданатын жаңа форматтағы кітапханалар мен қоғамдық кеңістіктер құруға бағдарланған.

Үшіншіден, Үкімет пен әкімдіктер туындылары жас ұрпақты елдің жаңа Конституциясының негізгі қағидаттары мен ережелерін құрметтеу рухында тәрбиелеуге ықпал етіп жүрген отандық жазушылар мен ақындарды қолдауға күш салады. Төртіншіден, баспагерлер мен кітап өнімін таратушылардың мемлекет үшін пайдалы қызметтерін ынталандыруға мән берілмек. Бесіншіден, ұлттық әдеби мұра ел ішінде және шетелде насихатталатын болды.

Мұның сыртында Президент Тоқаев Үкіметке нақты тапсырмалар беріп, таңдаулы жобалардың жөн-жосығын көрсетті. Ол 9 тармақтан тұрады. Біріншісі – халықтың әртүрлі санаты, оның ішінде балалар мен жастар арасында кітап оқу мәдениетін дамыту және кітап оқудың орнықты дағдыларын қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар кешені әзірленіп, лайықты іске асырылуға тиіс.

Екінші міндет – жаңа форматтағы кітапханалар, көпфункционалды қоғамдық кеңістіктер құруды, заманауи ақпараттық жүйелер мен сервистерді ендіруді қоса алғанда, оқырман инфрақұрылымын жаңғырту. Үшіншісі – ұлттық әдеби мұраны ел ішінде және шетелде насихаттау, туындыларды сапалы аудару және басу болмақ.

Төртіншісі – 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін «Жылдың 10 оқырманы» республикалық жобасы жүзеге асырылады. Бесінші тапсырма – жасанды

интеллектіні дамыту жағдайында Үкімет 2026 жылдың соңына дейін Кітап оқу мәдениетін және кітап ісін насихаттаудың 2027-2031 жылдарға арналған «Зерделі ұлт» тұжырымдамасын бекітуі қажет. Алтыншы міндет – жаңа Парламент, яғни Құрылтай Үкіметпен бірлесіп, 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін «Кітапхана және кітап шығару ісі туралы» жаңа тұрпатты заң жобасын әзірлеп, қабылдауға міндетті. Жетіншісі – 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін «Кітап оқу мәдениетін дамытудағы жетістіктері үшін» ұлттық сыйлығы тағайындалады.

Сегізіншісі – 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін бірыңғай қолжетімді Ұлттық цифрлық кітапхана платформасы құрылуы керек. Бұған дейін, 2007 жылдан бері мемлекет Ұлттық академиялық кітапхананың базасында Kazneb.kz қазақстандық ұлттық электронды кітапхананы құрды. Бүгінде онда 82 776 электрондық көшірме – кітап, брошюра, автореферат, нота, газет-журнал, диссертация, аудиобейне файл, карта мен мұрағаттық құжаттар бар. Кітапхана өзіндегі 70 тілдегі электронды құжатты әлемнің 120 елінен оқырман пайдаланатынын хабарлады. Бірақ бұл Мемлекет басшысының көңілін көншітпейтін болса керек.

Тоғызыншы тапсырма – жыл сайын «Зерделі ұлт» тұжырымдамасының іске асырылу барысы туралы Президент Әкімшілігіне есеп беріп тұру тәжірибесі өмірге жолдама алады. Басқаша айтқанда, кітап оқу мәселесі тікелей ел басшылығының бақылауына алынуы мүмкін.

### КІТАПТАН БАСТАЛАТЫН КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК

Министрлер кабинетінде Мемлекет басшысының Жарлығын орындауға Премьер-министрдің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева жетекшілік етіп, бас-көз болуға жауапты. Бұл ретте Үкімет кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі кешенді жоспарды бекітіп, жүзеге асыруға кірісіп те кеткен екен. Мәдениет және ақпарат вице-министрі Рустам Әлидің мәліметінше, кешенді жоспарда кітапхана және кітап ісін дамыту, оқуды насихаттау, заманауи цифрлық инфрақұрылым қалыптастыру шаралары қамтылған. Құжат 9 негізгі бағыт бойынша 50-ге тарта іс-шараны көздейді.

– Оның қатарында кітап саласын құқықтық тұрғыдан жүйелеу мәселесі де бар. Сонымен қатар біздің министрлік кітапхана саласын жаңғыртуға ерекше көңіл бөліп отыр. Бүгінде республикада 3 887 бұқаралық кітапхана жұмыс істейді. Оның жиынтық қоры 72,5 миллионнан астам сактау бірлігін құрайды. 2025 жылы кітапханаларға келушілер саны рекордтық көрсеткішке жетіп, 57 миллионнан асты. Бұл халықтың кітап оқу

балалар мен жастарға арналған әдебиет тапшылығын айқындап, кітапхана қорын жаңарту жөнінде нақты ұсыныстар әзірлеу қажет.

Жалпы, Президенттің бұл Жарлығын орындауға Мәдениет және ақпарат, Оқу-ағарту, Ұлттық экономика, Жасанды интеллект, Ғылым және жоғары білім, Қорғаныс, Ішкі істер министрліктері жұмылдырылып жатыр. Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменованың мәлімдеуінше, ведомство оқушылардың әдебиетке қолжетімділігін кеңейтетін «Балалар кітапханасы» және «Оқырман» платформаларын іске қосты. Бұл бағыттағы маңызды жұмыстың бірі – білім беру ұйымдарында оқырман клубтарының қызметін дамыту.

– Соның негізінде тұрақты оқу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған «Кітап оқитын мектеп» бірыңғай моделі енгізіледі. Аталған модель аясында балалардың кітап оқуға қызығушылығын ата-аналар мен педагогтердің жеке өнегесі арқылы арттыруды көздейтін «Бірге оқиық» жобасы жүзеге асырылады, – деді Жұлдыз Сүлейменова.

Ал Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенованың айтуынша, студент жастар арасында кітап оқу мәдениетін ілгерілету үшін жаңа тәсілдер пысықталу үстінде. Бұл бағытта университеттік кітапханаларды дамыту және «Студенттік оқырман клубтарының» жұмысын жандандыру мәселелері қарастырылады. Жарлықты жүзеге асыру аясында Ғылым және жоғары білім министрлігіне ЖОО кітапханалары қорының салалық әдебиеттермен қамтамасыз ету деңгейіне талдау жүргізу, сондай-ақ педагог кадрларды даярлауда қолданылатын оқу әдебиеттерінің мазмұнын зерделеу жүктелген.

Қорғаныс және Ішкі істер министрліктеріне қарасты ұйымдардың кітапхана қорларын зерттеу және талдау мәселесіне де ерекше назар аудару қажет. Әскери бөлімдер мен ведомстволық мекемелерді заманауи, мазмұнды әрі кәсіби әдебиеттермен қамтамасыз ету маңызды. Талдау нәтижесінде олардың да нақты қажеттіліктері айқындалып, кітапхана қорларын толықтыру және жаңарту жөнінде ұсыныстар әзірленеді деп жоспарланып отыр.

### ОҚЫРМАН МЕЖЕСІ – ОН МИЛЛИОН

Мемлекет басшысы кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға бұрыннан баса көңіл бөліп келеді. Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда Қ.Тоқаев: «Ұлт са-



**Абыз Әбіш Кекілбайдың «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» деген даналық сөзі барша халқымыздың бағдар тұтар темірқазығы.**



инфрақұрылымы мен ғимараттарының жай-күйін, кітап қорымен қамтамасыз етілу деңгейін, сондай-ақ ондағы әдебиеттерге сұранысты қамтуға тиіс. Талдау қорытындысы бойынша, әсіресе

пасын жақсартамыз десек, бір ел болып жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастыруымыз қажет», – деп атап өтті. Бұған дейін, 2023 жылы Түркістандағы Ұлттық құрылтайда ол жаппай кітап оқу мәде-

ниетін қалыптастыру идеясын көтеріп, бұл бастама қоғам тарапынан қолдау тапты. Соның нәтижесінде 23 сәуір ресми түрде «Ұлттық кітап күні» болып бекітіліп, рухани-ағартушылық маңызы бар мерекеге айналды.

Мәжіліс депутаты Жанарбек Әшімжан мемлекетімізде бұл бағытта жүзеге асырылып жатқан алғышарттар аз емесіне сенімді. Мәселен, депутаттардың бастамасымен баспаханалар қосымша күн салығынан (КҚС) босатылып, отандық баспаларға қолдау көрсету үшін арнайы нормалар қабылданды. Кітапхана қызметкерлерінің жалақысы артты, кітапханаларға келушілер саны көбейе бастады. Онлайн кітап саудасы жанданып, кітаптар бұрынғыдан да қолжетімді бола түсті.

«Былтыр «Кітап оқитын ұлт» атты арнайы жобаны іске қосылып, оны пилоттық режимде Қостанай, Қарағанды облыстары мен Шымкентте табысты жүзеге асырылды. Жоба аясында түрлі әлеуметтік санаттағы 189 мыңнан астам азамат қамтылып, қоғамда кітап оқу мәдениетін кеңінен насихаттауға серпін берді. Бастамаға оқушылар мен студенттерден бастап, педагогтер, отбасылық әулеттер және мемлекеттік қызметшілер қатысты. Пилоттық кезең қорытындысы жобаның жоғары әлеуметтік тиімділігін көрсетті», – деді депутат.

Осыған байланысты бұл жобаны 2026 жылғы қыркүйектен бастап республикалық деңгейде іске асыру жоспарланған. Жобаның алғашқы 6 айында республика бойынша шамамен 2 миллион азаматты қамту көзделіпті. Бұл – ел халқының 10%-ы. Қатысушылардың өңірлік теңгерімін қамтамасыз ету үшін әр облыс пен республикалық маңызы бар қаладан кемінде 100 мың адамның қатысуы жоспарлануда.

Жобаны кезең-кезеңімен кеңейту арқылы алдағы 5 жыл ішінде қатысушылар саны 10 миллион адамға дейін жетпек. Нәтижесінде, жоба ел халқының шамамен 50%-ының игілігіне айналып, кітап оқу мәдениетін кеңінен насихаттайтын ірі халықтық қозғалысқа айналғауы тиіс. Жоба аясындағы негізгі көрсеткіштің бірі – әрбір қатысушының 6 ай ішінде кемінде 15 кітап оқуы. Осы арқылы кітап оқуды елдің күнделікті өмір салтына айналдыру – басты бір нысан.

– Президент ұсынған «Зерделі ұлт» жобасы – бар жұмысты жиып қойып, тек кітаптан бас алмау деген сөз емес. Бұл – сапалы ұлт қалыптастыру жолындағы жүйелі жұмыстар тізбегі. Яғни заманауи инфрақұрылымды дамыту, ақпараттық, цифрлық жүйелерді меңгеру, жаңа форматтағы кітапханалар түзу, патриот ұрпақ тәрбиелеу, ұлттық әдеби жауһарларымызды елде және шетелдерде жан-жақты насихаттау. Басты мақсат осы, – деді Ж.Әшімжан.

Үкіметтің дерегіне, қазір «23 сәуір – Ұлттық кітап күні» атап өтудің жаңа мазмұны тұжырымдалып жатыр. Биыл барлық өңірде «Ұлттық кітап күні» апталығы шеңберінде қоғамда кітап оқу мәдениетін дамыту, халқымыздың зияткерлік әлеуетін арттыру үшін 300-ден астам іс-шара ұйымдастырылды. Оның ішінде кітап көрме-жәрменкелері, кітап фестивалдары, конкурстар, ашық есік күндері, жас оқырмандармен кездесулер, зияткерлік ойындар, кітапханашыларға арналған практикумдар, кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға негізделген жалпыхалықтық челлендж және басқасы бар. Жылда осы атаулы күнде, Астанадағы салтанатта «Ұлттық кітап» конкурсының жеңімпаздары марапатталады. Конкурсның жүлде қоры 36,5 млн теңгені құрайды.

Сондай-ақ Үкімет жыл сайын отандық бір қаланы «Кітап астанасы» деп атау туралы ұсынысты құптады. Үкілетті органға өңірлермен бірлесіп, 2027 жылы «Қазақстанның кітап астанасына» айналатын қаланы немесе тұтас облысты айқындау мәселесін пысықтауға тапсырма берілді.

Жарлық аясында жыл соңына дейін басқа да жаңа бастамалар мен жасампаз жобалар жағасын тауып, ресми құжаттармен бекітілмек. Бұл өзгерістер өзегінде ұлттық рухты тірілту мұраты жатыр. Қайнар бұлағынан ажыраған халықтың санасы сарқылып, тамыры суалары сөзсіз. Тарих көшіне көз жіберсек, мемлекеттерді дәуірлетіп, тоқыраған қоғамды қайта түлеткен асыл құндылық – кітап. Абыз Әбіш Кекілбайдың «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» деген даналық сөзі барша халқымыздың бағдар тұтар темірқазығы. Еліміз осы рухани қазынадан қол үзсе, барар жері – жан дүниесінің жұтауы және рухани құлдырау болмақ. Кітаптан қашықтау ұлт болашағына балта шабумен тең. Ендеше алдағы жоспарлар тек құжат жүзінде қалмай, ұлт санасын оятатын рухани серпіліске айналса құба-құп.

18 МАУСЫМ 2026 | БЕЙСЕНБІ

## А Айсылу СЪЕЗХАН

Тазалық мекемесі қала шетінде орналасқандықтан, таңғы алтыдан бастап жолға қамдануға тура келді. Көлік жүргізушілері мұнда жетіле болуға тиіс. Олар ең алдымен медициналық тексеруден өтеді, дене қызуы, қан қысымы, жүрек соғысын өлшеп, алкотест тапсырады, бұдан соң техниканың жай-күйін реттейді. Бәрі ойдағыдай болса, сағат сегізге жолға шығады. Біз осы дайындықты көзбен көріп, Темірхан ағаның ортаншы ұлы Абылайханды кездестіріп қалдық.

— Жұмыста таңғы жетіде боламыз, тіркеу парағын ашып, көліктің май-суын қарап, тексеріп аламыз. Қыста бір-екі сағат ерте келеміз. Әр қызметкерге тиесілі өз аумағы бар, соған сәйкес көшелерге су шашамыз, лас болса, сыпырып тазалаймыз, қыстың күні қар күрейміз, — деп бастады ол әңгімесін.

### КАРМЕН ЖУЫНЫП АЛАМЫН

Оның айтуынша, бұл салаға әкесінің ықпал-қолдауымен келген. Кейіпкеріміз — Түркістан облысы Ордабасы ауданы Жеміс ауылының тумасы. Негізгі мамандығы — ветеринар-техник, ол саласы бойынша туған жерінде де 10 жылдан аса еңбек еткен. Кейіннен тазалық саласына ауысқан. Кейіпкеріміз қазіргі жұмысын да тез меңгеріп алғанын айтады, себебі әкесі Темірхан аға балаларын жастайынан техниканың тілін түсінуге баулыған екен.

— Жұмысты екі ауысым бойынша атқарамыз. Күндізгі ауысым таңғы 08.00-ден кешкі 17.00-ге дейін болады, бір аптадан кейін түнгі ауысымға шығамыз. Түнгі ауысым кешкі 23.00-ден таңғы 08.00-ге дейін жалғасады. Тек күндізгі не тек түнгі ауысымда істеу ағзаға ауыр болғандықтан, апта сайын ауысып шығып отырамыз. Егер түнгі жұмыста ұйқы қысатын болса, бригадирге ескертіп, көлікті тоқтатып, сыртқа шығамыз. Жаттығы жасап, ағзаны оятамыз, денені салқындатып, 15-20 минут тынығамыз. Қыста кармен бетімді жуып аламын, бір-екі үйкеп-үйкеп алсан-ақ үйкеп ашылады, — деп жымиды ол.

Сағат сегіз болған шақ. Әрі қарай әңгімені жұмыс барысында жалғастырамыз деп шештік. Қызығы, есікті ары тартып, бері тартып, қанша жұмысқа да, аша алмадық. Ауыр техниканың есігін ашу да бір өнер десік. Кейіпкеріміз есікті ашып, «бісіміз-ләсіміз» айтып көлікті оталдырды, солай жолға шықтық.

— Жұмысымыз біткен соң әр кеш сайын ешқандай ауырлық-қиындықсыз аяқтанамыз үшін шүкір етеміз. Қанша үйрендік, бейімделдік десек те, көлікті абылай жүргізу керек, сондықтан кейде шаршаймыз, — дейді тазалық маманы.

Қаланың іші күні-түні қалай қайнаса, тазалық маманы да сол уақытта тынымсыз еңбек ететінін байқа бермейміз. Жұрт шырты ұйқыда жатқанда да қала тазалығына жауапты — тазалық мамандары. Жақында тұтас бір әулеттің осы салаға бар өмірін арнап келе жатқанын білдік. Темірхан Құлмаханұлы «Астана Тазалық» мекемесінде машинист болып 2005 жылдан бері еңбек етеді. Оның туған інісі де, тіпті үш ұлы да осы салада жұмыс істейді. Бәрі де әке жолын қуып, өмірін техникамен байланыстырған. Тазалықшылар династиясының жұмысымен танысу үшін «Астана Тазалық» мекемесіне арнайы барып қайттық.



# ШАҒАР ТІРШІЛІГІНІҢ ТІРЕКТЕРІ

Ең алдымен көлікке су алу керек. Абылайхан Сарайшық ауданына жауапты, әуелі сол ауданға қарасты Шарбақты жерінен су алуға барамыз. Түсінгеніміз, жұмыс байыптылық пен асқан төзімді талап етеді. — Жылдамдықты арттыра алмаймыз, 35-40 шақырым/сағ жылдамдықтан асырмау керек, жұмыс барысында 15-20 шақырым/сағ жылдамдықпен ғана тазартамыз. Ауыр техника болған соң жауапкершілікпен қарайсың, алайда тәжірибесіз жүргізушілер қызметтік техника екенін аңғармай, бізді жібермей, алдымызға түсіп кедергі келтіреді. Ауыр көлікті тоқтату да қиын, бағдарламға жетпей жатып, алыстан тоқтауға тырысамыз. Оның үстіне, сегіз тонна суымыз бар, — дейді ол.

### БӘРІ ҚАТАРҒА ҚОСЫЛҒАНША КӨМЕКТЕСЕДІ

«Ер қанаты — аты кемеші, тазалық маманының сенімді серігі де осы — техника. Мұнда әр тазалық маманы техника тілін

жақсы біледі. Мекемеде арнайы мамандар болса да, көп істі өздері реттеп алады. Машинистер жазда әр көшеге жеке-жеке тазарту жүргізсе, қыстың күні бригадалық болып қар тазалайды. Бұл кезде де көлікте қандай бір ақау болса, ұжым ұйымшылдық танытып, бір-біріне жәрдемдеседі.

— Ұжымсыз жұмыс. Қарға батып, май-суымыз қатып қалатын кездер болады, сондықтан қыстың күні ұжым болып, 10 техника топтасып жүреді. Біреуі тоқтап қалса, көлікте ақау болса, бәрі қатарға қосылғанша көмектеседі. Күрделі жұмысты мекеменің жауапты мамандары атқарады, жеңіл-желпі кем-кетік болса, өзіміз тындыра саламыз, — дейді А. Құлмахан.

Кейіпкеріміз әр сөзін байыппен жеткізіп, жолға мұқият қарап келеді. Бір кезде қалтасынан құрт алып шығып, беторамалының үстіне жайды. Ауылдан жұбайы жасап жібереді екен. Қазір отбасы мен балалары туған жері — Жеміс ауылында. Ол балаларына жиі барып тұру үшін аптасына бір күн де

демалмайды, өзіне тиесілі демалыс күндерін пайдаланбай жинап жүреді.

Шарбақтыға да жеттік. Мұнда өзге тазалық мамандары да көлікке су алып жатты. 8 тонна су алу үшін шамамен 40-45 минут күту керек. Кейіпкеріміздің сөзінше, бір көшені тазартуға кемі 1,5-2 сағат уақыт кетеді. Ал әр маман күніне кемі бес көшені тазарталды және екі қайтара жүріп өтуін тағы қосынды.

### 2 ШАРШЫ МЕТРДЕ ӨМІРІМІЗ ӨТІП ЖАТЫР

Осы сәтте Абылайханның ағасы Бейбітхан Құлмахан көлігіне су алуға келіп жетті, ол осы мекемеде 2021 жылдан бері қызмет етеді. Білікті маманның әңгімесіне құлақ түрдік.

— Жұмысқа кіргеніме екі айдай уақыт болған. Астананы білмеймін, сонда Есіл ауданына байқамай өтіп кетіппін. Бригадирлер GPS арқылы қарап, «Қайда кетіп қалдың? Кері қайт» деп хабарласып, қалада адысып жүріп, бағаға әрэн жеткенім бар еді. Қазір енді қаланы бес саусақтық білеміз, — деп сөз бастады ол.

Бейбітхан олан бұрын теміржол тасымалдау қызметінде ұзақ уақыт қызмет еткен. Бала күнінен техникаға жақын өскендік-

тен, бұл салаға келгенде де еш қиналмаған.

— Техникамыз өзім жөндеп кете беремін. Көлік жүргізген ұнайды, сол бала арман техника саласына жетелеп әкелді. Дегенмен әр істің қиындығы бар. Мысалы, таңғы 8-ден кешкі 5-ке дейін бір ауысымда істеймін, жұмыс уақыты аяқталған соң үйге қайтамын, тамақтанып, демалып аламын. Кешкі он бірден таңғы сегізге дейін түнгі ауысымым басталып кетеді. Бір ауысымда сегіз сағат істейміз, бір сағат демаламыз. Қыста он бір сағаттан істейміз, сонда 24 сағат үйде болмауымыз да мүмкін, осында тамақтанып, қамазда демала береміз. 2 шаршы метрде өміріміз өтіп жатыр, — дейді Бейбітхан Құлмахан.

Ол қазір халықтың экологиялық сауаты артқанымен, көше ортасына қоқыс тастайтын көлік жүргізушілері әлі де барын жасырмайды.

— Темекі тұқылын тастап жүретіндер көп, ол қарапайым адамның көзіне көрінбеуі мүмкін, тек тазалаған адам біледі. Көшенің ортаңғы жолағында түрлі қоқыс жиналып қалатынын көреміз. Соны су шашып ысырамыз, басқа бригада оны тазалап өктейді. Жұрт жолды шаң басалды деп ойлайды, шаң емес, қоқыс басады. Көшеде тас жатса, көлік жоғары жылдамдықпен келе жатқанда, ол ыршып терезені сындыруы мүмкін. Сол себепті күнделікті тазалық керек, — дейді тәжірибелі маман.

Бейбітхан мырзаның жұмысына сәттілік тілеп, өзімізге тиесілі Сауған Шаймерденов көшесін тазалауға кеттік. Асфальтқа су тигендегі иісті тазалық көлігінен сезу ерекше бір күй сыйлайды. Қанша иіскен де, құмарын қанбайды. Жолай 20 жылдан аса тәжірибесі бар Темірхан Құлмаханұлының өзімен кездесудің сәті түсті.

— КСРО тараған. Жұмыстың бәрі тоқтап, халық солтүстікке ауа бастаған еді. Сонда да тірлік еттік, жем-шөп шаруашылығымен айналыстым, қарбыз ектім, мақта ектім. Қойбағын айдалдым. Бала-шағаны асырау керек болды. Ел сонда Астанаға ағылды. Жолдасарымның бірі осы мекемеге барған екен, мен де солай келіп қалдым, — дейді ол.

Темірхан аға үшін 20 жылда тазалық саласы өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Ол үшін бақыт — нағертен жұмысқа асыға баруы, көлігіне жайғасып, ісіне ыждағаттана кірісуі.

Қазір Т. Құлмаханұлының кенжесі Шыңғысханнаны да осы салада жүргеніне жеті жылға жуықтаған. Жақында Темірхан аға зейнетке шығады, еңбегінің зейнетін көрмек, ал ұлдары әке ісін жалғастырмақ ниетте. Үлкен әулеттің тазалық саласында еңбек етіп жүргеніне куә болдық, бұл талай жанға да үлгі дейміз.



## А Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

### СҰЛУЛЫҚҚА ДА САУАТ КЕРЕК

Елімізде жыл сайын мыңға жуық адам пластикалық ота жасатады. Сұлулыққа деген сұраныс артқан сайын эстетикалық қызмет көрсететін орталықтардың саны да көбейіп келеді. Жалған сенім және адамды жарға жығады. Эстетикалық медицина мен пластикалық хирургия саласындағы медициналық қызметтердің сапасына қатысты шағымдар 2023-2025 жылдары көбейген. Осы уақыт аралығында Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетіне 244 азаматтан өтініш түсірілді. Олар негізінен көрсетілген қызметтің сапасына, операция нәтижесіне көңілі толмайтынның айтып, операциядан кейінгі асқынудың байланысты шағымданған. Биылдың өзінде адам өліміне әкелген төрт жағдай және пациенттің денсаулығына ауыр зиян келтірудің бір дерегі тіркелгенін естідік: Алматыдағы жеке клиникада липосакция жасатқан блогер Сәуле Ермаханова да. Маңғыстау облыстық мәслихатының бұрынғы депутаты Ербол Айтуов ментопластикалық отадан кейін оянбады. Ал өткен аптада Шымкентте заңсыз медициналық қызмет көрсеткен маманның жасаған блефаропластикасынан кейін пациенттің бір көзі қормей қалғаны белгілі болды. Десе де, бұлар сұлулықтың құпиясын ине мен пышақтан іздейтіндерге тежеу болмай тұр. Елімізде пластикалық хирург болу үшін, пластикалық хирургия бойынша резидентураны аяқтау қажет. Бірақ қазіргі жағдай бойынша, уақытша курстан оқып алған сертификатпен қаншама хирург маман кәсібин дөңгелетіп отыр. Кейбір эстетикалық клиникалардың лицензиясы бар не жоғын құқықтық білімі жоқ адамдар ажырата бермейді. Цифрлық дәуірде мұның бәрін пациент өзі-ақ анықтай алады. Мысалы, ашық ақпараттық алаңдарда (электронды қолданбалар) немесе еғов сайтынан қарауға болады. Ал жангер-сарашшы Эльнура Кишкенебаева әр пациент медициналық ұйымнан лицензиясын көрсетуді сұрауға

құқылы екенін айтады. Сондай-ақ пациент операцияны жүргізетін дәрігердің біліктілігін растайтын құжаттармен танысуға құқылы.

— Қазір азаматтар пластикалық немесе хирургиялық операция жасатар алдында клиниканың заңды қызмет атқаратынына көз жеткізуі өте маңызды. Лицензияда ұйымның атауы, лицензия нөмірі, берілген күні және қандай медициналық қызметтерді көрсетуге рұқсат етілгені көрсетіледі. Егер әңгіме хирургиялық араласу туралы болса, лицензияда тиісті хирургиялық қызмет түрлері қамтылуы қажет. Ота алдында қол қойылатын құжаттарға ерекше мұқият қарау керек. Пациент операцияны атауы, көлемі, ықтимал тәуекелдері, қызмет құны және тараптардың жауапкершілігі нақты көрсетілгеніне назар аударғаны жөн. Егер келісімшартта клиниканың кез келген салдар үшін жауапкершіліктен толық босатылатыны жазылса, операцияның нақты сипаттамасы көрсетілмесе немесе қосымша төлемдердің тәртібі түсініксіз болса, мұндай тармақтар күмән тудыруға тиіс. Пациент қандай да бір құжатқа оның мазмұнын толық түсінбей тұрып қол қоймауы қажет. Заң бойынша әрбір азамат медициналық көмек алу кезінде толық әрі шынайы ақпарат алуға құқылы. Сондықтан түсініксіз тармақтар бойынша түсіндіру талап ету, құжаттардың көшірмесін сұрату және қажет болған жағдайда тәуелсіз заңгерден кеңес алу — азаматтың заңды құқығы, — дейді адвокат Э. Кишкенебаева.

### АРЗАН ҚЫЗМЕТ АСҚЫНУҒА ӘКЕЛЕДІ

Расында, бүгінде косметология мен пластикалық хирургияның дәуірі жүріп тұр. Алайда бұл қызметке жүгінгеннің бәрін асығы алшысынан түсті деуге келмейді. Осы салада 11 жылдық тәжірибесі бар пластикалық хирург бағытында қызмет етіп жүрген анестезиолог-реаниматолог дәрігер Жанболат Серікжанұлы бет аймағына жасалатын инъекциялық процедуралар немесе хирургиялық араласулар кезінде

# ӘДЕМІЛІКТІҢ ӘУРЕСІ

Бәрінің сұлу болғысы келеді. Қазір бұл ауыз толтырып айтатын мәселеге айналды деу қиын. Өйткені әркім өзі қалағандай тұр-әлпетке, дене бітімге пластикалық ота арқылы оңай қол жеткізе алады. Алайда скальпель тудыратын сұлулық бәріне бірдей бақ бола бермейді. Бірі үшін сор, денсаулығы үшін қауіпті, тіпті соңы өлімге әкелуі де ықтимал. Оның себебі неде екені қазір көпті ойландыратын сұраққа айналған.

препараттың қан тамырына түсуі көзді қоректендіретін артериялардың бітелуіне әкелуі мүмкін екенін айтады. Мұндай жағдайда көру жүйкесі зақымдалып, адам көз жанарынан айырылу қаупіне ұшырайды. Хирургтың айтуынша, отандық қыз-келіншектер арасында ең танымал пластикалық ота — блефаропластика болса, ең тәуекелді операциялардың бірі — глутеопластика, яғни халық арасында «бразилиялық бөксе» атауымен кен тараған операция.

— Май тінінің ірі веналарға түсуі май эмболиясын туындатып, ауыр салдарға әкелуі мүмкін. Абдоминопластика да күрделі операциялардың қатарына жатады. Іш қабырғасын түзетуге бағытталған бұл араласу кезінде қан жоғалту мен тромб түзілу қаупі жоғары болады. Сонымен қатар бірнеше операцияны бір мезгілде жасату да қауіп дөңгеліп арттырады. Ұзақ уақыт наркоз астында болу ағзаға түсетін жүктемені көбейтіп, асқынудың даму ықтималдығын жоғарылатады. Пластикалық операциялардан кейінгі өлім-жітім немесе ауыр асқынудың көбіне медициналық қауіпсіздік талаптарының сақталмауынан, ағзаның күтпеген реакцияларынан немесе жасырын аурулардың уақытында анықталмауынан туындайды. Олардың қатарында анестезиологиялық тәуекелдер ерекше орын алады. Кейбір жағдайларда жүрек-қан тамырлары жүйесіндегі жасырын патологиялар немесе наркозға байланысты асқынудың науқастың операциядан кейін оянбауына себеп болуы мүмкін. Сондай-ақ ұзаққа созылған операциялар кезінде қан тамырларында тромб түзіліп, оның өкпе артериясын бітеп қалуы өмірге қауіп төндірді. Дәрілік препараттарға немесе анестезияға ағзаның ауыр аллергиялық реакциясы — анафилактикалық шок та аса қауіпті жағдайлардың бірі болып саналады, — дейді Ж. Серікжанұлы.

Пластикалық хирургия — бұл сұлулыққа ұмтылу емес, ағзаға жасалатын күрделі хирургиялық араласу. Кез келген операция сияқты оның да белгілі бір қауіптері бар. Соңғы уақыттағы қайғылы оқиғалар бұл саланың жоғары кәсібилік пен жауапкершілікті талап ететінін тағы бір мәрте көрсетті. Жанболат Серікжанұлы кейбір пациенттер өз денсаулығын қауіпке тігіп, шешім қабылдау кезінде қателіктерге жол беретінін атап өтті. Көп жағдайда адамдар дәрігердің тәжірибесі мен клиниканың материалдық-

техникалық базасына емес, әлеуметтік желідегі жарнама мен әдемі суреттерге сенеді. Тым арзан қызметті таңдауға ұмтылу да қауіпті. Себебі сапалы жабдықтармен қамтамасыз етілген, қауіпсіздік талаптарын толық сақтайтын медициналық орталықтардың қызметі белгілі бір шығындарды талап етеді. Тағы бір жиі кездесетін қателік — лицензиясы жоқ немесе қажетті жағдай жасалмаған орындарға жүгіну. Күрделі пластикалық операциялар толық жабдықталған операциялық блогы мен реанимация бөлімшесі бар медициналық ұйымдарда ғана жасалуға тиіс. Дәрігердің айтуынша, кейбір пациенттер созылмалы аурулары немесе аллергиялық реакциялары туралы ақпаратты жасыруының салдарынан операция кезіндегі қауіп-қатерді бірнеше есе арттырып алады.

— Әр адамның ағзасы әртүрлі. Генетикалық ерекшеліктері, тері құрылымы, қанның үю жүйесі мен созылмалы аурулары әртүрлі болғандықтан, бір адамға сәтті жасалған операция екіінші адам үшін қолайсыз нәтиже беруі мүмкін. Сондықтан хирургиялық араласу алдында толық медициналық тексеруден өту міндетті. Қанның жалпы және биохимиялық анализдері, коагулограмма, қан тобы мен резус-факторды анықтау, ВИЧ, сифилис, В және С гепатиттерін зерттеулер, қандағы қант денгейін тексеру, ЭКГ, өкпені зерттеу, терапевт пен анестезиологтың кеңесі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды бөлігі, — деді пластикалық хирург Жанболат Серікжанұлы.

### САУДАҒА ТҮСКЕН СҰЛУЛЫҚ ҚУНЫ ҚАНША?

Пластикалық отаға жүгінгендердің пікірін сұрап көргенімізде, әрқайсысының ойы әртүрлі екенін байқадық. Кейбірі сырт келбетінің өзгергеніне риза болса, енді бірі дәрігердің жұмысы күткен нәтиже бермегенін айтты. Соның бірі Астана қаласының тұрғыны Жансая Ысқақ (аты өзгертілді):

«Негізі ернімнің пішіні жаман емес еді, бірақ туған күнім қарсаңында өзіме ерекше сый жасағым келіп, көлемін сәл үлкейту үшін жергілікті косметолог маманға жазылдым. Процедура тез аяқталды, құны да тиімді көрінді. Бірақ бірнеше күннен

кейін ернімнің ішінде сыртқа анық білінетін қатты түйіршіктер пайда болды. Қорқыныш үдей түскен соң процедураны жасаған маманға хабарласқандым, ол мені әлеуметтік желілерде бірден қара тізімге салып, жауапкершіліктен қашып кетті. Сонында бұл қауады түзету үшін басқа кәсіби дәрігердің көмегіне жүгінуіме тура келді. Сондықтан қыздарға эмоцияға беріліп, өз сұлулығын бүлдірмеуге кеңес берер едім», — дейді кейіпкеріміз.

Ал Меруерт Дәулетқызы дәрігердің қызметіне көңілі толып, ота жасатқанына өкінбейтіндердің қатарында.

«Осыдан бір жыл бұрын Алматыдағы танымал жекеменшік клиникалардың бірінде қабаққа ота (блефаропластика) жасатқан едім. Жасыратыны жоқ, бұрын өз-өзіме көңілім толмайтын, ал сырт келбетімдегі бұл өзгеріс маған ерекше сенімділік сыйлады. Ілгеріде мұндай оталар қолжетімді емес еді, тек қалталы азаматтар ғана шетел асып, сұлулық іздейтін. Қазір заман өзгерді, ешқайда шықпай-ақ, өз елімізде кез келген пластикалық процедураны жоғары деңгейде жасатуға толық мүмкіндік бар», — дейді ол.

Егер де білікті хирургке тап келсеңіз, жолыңыздың болғаны анық. Бірақ бұның да денсаулыққа тигізер кері әсері барын ұмытпаған абзал. Біз пластикалық хирургия және косметологияның орташа құны қанша екенін білу үшін эстетикалық клиникаларға қоңырау шалғанымызда, пластикалық отаның ең арзаны ерінге жасалатынын білдік. Оның бағасы қазір 30 мың теңгеден басталып, қолданатын препараттарына байланысты 150 мың теңгеге дейін жетеді. Үнемі жас көрінгісі келетін арулар жасататын бетті жасарту отасы — 500 мың мен 2 миллион теңгенің арасында. Көп қыз-келіншек күп көретін ота — липосакция, яғни денедегі артық майдан арылу бағасы 100 мыңнан бастап 400 мыңның арасында екен. Ал ринопластика (мұрын пішінін өзгерту) 200 мың теңгеден бастап 800 мың теңгеге дейін, кей жағдайда дәрігер біліктілігіне қарай 1 миллион теңгеден асып жығылады. Маммопластика жасатуға 500 мың — 2 млн теңге қажет болса, бөксені өсіру 1 млн теңге тұрады.

Қазір Қазақстанда сертификаты бар пластикалық хирургтардың жалпы саны шамамен 800 болса, 295-ке жуық медициналық ұйым мен клиника жұмыс істейді. Сондықтан мұнда кәсіби маман мен медициналық мекеменің болуы саланың қауіпсіздігіне толық кепілдік береді деуге болмайды. Сыни ойлау да медициналық сауат сияқты өмір бойы көзденіңіз жайратын білім. Сол себепті кез келген тәуекелді қадамға барарда оның нәтижесі қалай боларын сол саланың кәсіби маманынан білу керек. Өйткені әңгіме денсаулыққа қатысты болса, тіптен сак болуды талап етеді.

## АЙМАҚ

18 МАУСЫМ 2026 | БЕЙСЕНБІ



## ӨЛКЕНІҢ ӨНДІРІСІ ӨРІСТЕП КЕЛЕДІ

Жүйелі жұмыс жетістікке жетелейтіні хақ. Бұл орайда әлеуметтің әлеуетін көтеріп, тұрғындардың тұрмысын түзеуде аудандарға артылған міндет орасан. Міне, осы сенім үдесінен шығып келе жатқан Жамбыл облысы Талас ауданындағы тындырымды тірліктер мен жемісті жобалар көз сүйсіндіреді.

### А Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Талас ауданының әкімі Нұрбол Жүнісбековтің айтуынша, елді мекенде негізгі салаларда атқарылған жұмыстар мен қол жеткізген жетістіктер толайым екен.

— Жыл басынан өндірілген өнеркәсіп өнімдері 11 998,8 млн теңгеге жетіп, нақты көлем индексі 96,6 пайызға орындалды. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 2 532,7 млн теңгені құрап, нақты көлем индексі 21,2 пайызға орындалды.

Аудандағы әлеуметтік мәселелердің бірі — азаматтарды тұрғын үймен қамту. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы көлемі 7 182 шаршы метрді құрап, бытырғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 101,9 пайызға артығымен орындалды. Жалпы алғанда, құрылыс жұмыстарының көлемі 5 347,9 млн теңгеге жетіп, нақты көлем индексі 197,4 пайызға орындалды.



Ауыл шаруашылығы саласында өндіріс көлемі артып, бұл бағыттағы жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізілуде. Есепті мерзімде, ауыл шаруашылығы өнімі 4 757,9 млн теңгеге өндіріліп, нақты көлем индексі 102,4 пайызға орындалды. Сонымен қатар мемлекеттік бағдарламалар аясында шаруаларға қолдау көрсету шаралары жалғасуда, — дейді Нұрбол Әбдімажитұлы.

Ауданда 2026-2029 жылдарға 315,65 млрд теңгенің 12 ірі жобасы жоспарланған. Аталмыш жобалар толығымен іске асқан күнде 1 320 адам жұмыспен қамтылмақ. Оның ішінде 2026 жылға 4 жоба жоспарланып отыр. Атап айтсақ, Talas Investment Company ЖШС натрий цианид өнімінің өндіріс көлемін жылына 15 мың тоннадан 30 мың тоннаға дейін ұлғайтуды көздеуде. Ол үшін индустриялық жобаның инвестициялық құны 25 838 млн теңгені құрайды. Мемлекеттік қолдау шеңберінде кәсіпорынға қажетті инфрақұрылымдар — газ, электр энергиясы, ауыз және техникалық су желілері тартылған. Қазір құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Зауыт іске қосылғаннан кейін 300 жаңа жұмыс орны ашылып, ауданның өнеркәсіптік әлеуетін арттыруға және инвестициялық тартымдылығын күшейтуге мүмкіндік береді. Кәсіпорынды пайдалануға беру ағымдағы жылдың шілде айына жоспарланған.

Ал Karatau Lime ЖШС қуаттылығы жылына 75 мың тоннадан 150 мың тоннаға дейін 1 және 2-сортты әктас өндіретін зауыттың құрылысын жүргізуде. Жобаның жалпы инвестиция көлемі — 2 млрд теңге. Бүгінде 1,7 млрд теңгеге құрал-жабдықтар сатып алынып, оларды орнату жұмыстары толықтай жүргізілген. Жоба толық іске

қосылғанда 60-90 адам тұрақты жұмыспен қамтылады.

— Биылғы жоспарланған инвестициялық жобаның бірі — «Құлтай Ата» шаруа қожалығының ARTAZA брендімен сублициацияланған сүт өнімдерін өндіру кәсіпорны. Қуаттылығы жылына 120-360 тоннаға жететін инвестжобаның құны 850 млн теңге. 15 адамды тұрақты жұмыспен қамтитын кәсіпорынның қазір құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Сол секілді «Зерхат» ЖШС-ның қуаттылығы жылына 1 000 тонна көкөніс сақтайтын қоймасы да биыл жүзеге асырылатын жобалардың қатарында. Жоба құны — 336,1 млн теңге. 10 адамды тұрақты жұмыспен қамтиды. Инфрақұрылым бойынша электр энергиясы 49,4 млн теңгеге мемлекет тарапынан толықтай жүргізілген, — дейді Талас ауданының әкімі.

Бұдан бөлек, келер жылы да ауқымды жұмыс жүргізу жоспарда бар екен. Мәселен, Qazaq Energy ЖШС-ның жоба құны 87 млрд теңге болатын зауыты болашағынан көп

үміт күттіріп отыр. Өндіріс ошағында жылына 30 мың тонна сары фосфор, 20 мың тонна глифосат, 10 мың тонна гексафторфосфат өндіріледі. 200 адамды жұмыспен қамтиды деп күтіліп отырған жобаның іске асыру мерзімі 2027-2029 жылдар аралығын қамтымақ.

Ал тарихы терең Талас ауданында туризмді тіктеуге бағытталған «Этноауыл» жобасы жылына өңірге қонақ болып келген 12 мыңға дейін адамға қызмет көрсетуге арналған. Жоба құны 100 млн теңгені құрайды.

Сонымен қатар Үшарал ауылы маңында су үнемдеу технологияларын енгізіп, тамшылатып суарумен айналысатын швейцариялық Hagvest Group SA холдингіне кіретін «Харвест Агро Холдинг» ірі агроөнеркәсіп нысаны салынбақ.

Ауданда әлеуметтік сала, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт нысандарын жаңғырту жұмыстары да назардан тыс қалмаған. Сондай-ақ инфрақұрылымды дамыту мақсатында өңірде жол жөндеу, ауызсу және газдандыру бағытындағы жұмыстар да жүйелі жалғасын табуда.

Міне, осылайша қойнауына құт қонған қарт Қаратау бөктеріндегі Талас ауданы тындырымды тірлігімен тамсандыруда. Кезінде фосфор өндірісімен Одаққа даңқы дүркіреген елді мекен 90-жылдардағы тоқыраудан кейін еңсесін тіктей алмай қалған еді. Енді, міне, тәуелсіздік танының жаңа шауығымен ауданның ажары ашылып, Қаратаудай монокала құлпырып, Таластың тынысы кеңейе түседі. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жемісті жалғасын тауып, әлеуметтің әлеуеті артып, өлке өрістей түсетініне бек сенімдіміз.

# ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН КВЕСТ

Қарағандыда жүзге жуық жас «Заң және тәртіп аумағы» атты жастар құқықтық квестіне қатысты. Оған облыстың қала және аудандарынан келген он команда қатысты. Іс-шара «Құқық тәртібі әліппесі» жобасы аясында ұйымдастырылып, Мемлекет басшысы әділетті қоғам құрудың негізгі қағидаттарының бірі ретінде айқындалған «Заң және тәртіп» идеологиясын ілгерілету жұмысының бір бөлігіне айналды.

### А Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Дәстүрлі дәрістер мен дөңгелек үстелдердің орнына қатысушыларға құқық қорғау органдары мен төтенше жағдайлар қызметтерінің жұмысымен тәжірибе жүзінде танысу мүмкіндігі ұсынылды.

Құқықтық квестке қатысушылар алдында Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей сөз сөйледі.

— Биыл қазақстандықтар референдумда жана Конституцияны қабылдап, маңызды таңдау жасады. Оның басты қағидаттарының бірі — «Заң және тәртіп» идеологиясы. Бұл — қауіпсіз өмірді қамтамасыз етуге негізгі шарт. Бүгінде жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға ерекше көңіл бөлініп отыр. Заңды білу ең алдымен өз әрекеттері мен қабылдаған шешімдері үшін жауапкершілікті түсінуден басталады. Дәл осылай әрбір азаматтың алаңсыз өмір сүріп, білім алып, еңбек етіп және өз мүмкіндіктерін толық жүзеге асыра алатын ортасы қалыптасады, — деді Әлібек Әлденей.



Орталық саябақта өткен ашылу салтанатында Полиция департаментінің арнайы мақсаттағы жедел әрекет ету жасағы мен кинологиялық қызметінің көрсеткіштері ұйымдастырылып, арнайы техника көрмесі қойылды.

— Біздің мақсатымыз — азаматтардың тыныштығын күзетіп, адамдардың өмірін сақтап жүрген қызметтердің күнделікті еңбегін көрсету. Бәлкім, бүгінгі іс-шара сіздердің болашақ мамандық таңдауларыңызға ықпал етер, — деді облыс прокурорының орынбасары Еділ Жұбанов.

Заң талаптарын сақтаудың маңыздылығы туралы Қарағанды облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары Жасқайрат Қайыров та атап өтті.

— Қазіргі жас буын өз құқықтарын біліп қана қоймай, қоғам мен мемлекет алдындағы міндеттерін де терең түсінуі қажет. Заңды сақтау — азаматтық кемелдіктің және құқықтық мәдениеттің маңызды көрсеткіші, — деді ол.

Жеребе тартылғаннан кейін командалар тақырыптық бекеттер бойынша сапарға шықты.

Алғашқы аялдама «Құқық тәртібі аумағы» бекеті болды. Мұнда қатысушылар полиция қызметінің жұмысымен жақыннан танысты.

Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясында жастарға болашақ құқық қорғау органдары қызметкерлерін даярлау үдерісі көрсетілді.


Мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінде және жедел-құтқару жасағында олар құтқару техникасымен танысып, төтенше жағдайлар кезінде әрекет ету бойынша тәжірибелік дағдыларды меңгерді.

Сондай-ақ тағы бір бекетте жедел жәрдем қызметінің мамандары алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдерін үйретті. Ұлттық ұланның әскери бөлімінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттері мен әскери қызметтің ерекшеліктері туралы ақпарат берілді.

Квест қорытындысы бойынша ең белсенді қатысушыларға алғысхаттар мен естелік сыйлықтар табысталды. Ұйымдастырушылардың пікірінше, мұндай жобалар жастардың құқықтық сауаттылығын арттырып қана қоймай, заң мен тәртіпті сақтау жолындағы жеке жауапкершіліктің маңызын терең түсінуге ықпал етеді.

## ЖЫЛАНДАР НЕГЕ ЖИІ КӨРІНЕ БАСТАДЫ?

Жаз мезгілінің басталуымен бірге еліміздің оңтүстік өңірлерінде ауа температурасы күрт көтеріліп, табиғи ортаның белсенділігі арта түседі. Соның ішінде тұрғындарды алаңдататын мәселенің бірі жыландардың елді мекендер аумағында жиі көрінуі болып отыр. Биыл Шымкент қаласында бұл мәселе ерекше өзекті болып тұр. Шымкент қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметіне сүйенсек, 2026 жылдың басынан бері құтқарушылар жыландарға қатысты 144 шақырту бойынша оқиға орнына шыққан.



### А Назгүл НАЗАРБЕК, Шымкент қаласы

Нәтижесінде 91 жылан ұсталып, қауіпсіз аумақтарға жіберілген. Ең маңыздысы — осы уақытқа дейін жылан шағу деректері тіркелмеген. Бұл көрсеткіштер мәселенің ауқымын ғана емес, тұрғындардың қауіпсіздікке деген жауапкершілігінің артқанын да аңғартады. Себебі азаматтар қатерге бас тігіп, бауырмен жорғалаушыны өздері қуып жіберуге әрекет жасамай, арнайы қызметтің көмегіне жүгінуде.

Мамандардың айтуынша, жыландардың тұрғын үйлер маңында жиі көрінуі кездейсоқ құбылыс емес. Ауа райының ысуы олардың белсенділігін арттырып қана қоймай, азық іздеу аймағын кеңейтеді. Жыландар көбіне кеміргіштер көп шоғырланған орындарға жақындайды. Сондықтан ауладардағы қалың шөп, құрылыс қал-

дықтары, қараусыз қалған жерлер мен қоқыс үйінділері олар үшін қолайлы ортаға айналады. Соңғы жылдары қала аумағының кеңеюі де табиғи мекендеу ортасының тарылуына әсер етуде. Нәтижесінде адам мен жабайы табиғаттың байланыс нүктелері көбейіп, мұндай жағдайлар жиілей түседі.

Экологтардың пікірінше, жыландардың елді мекендерге келуі табиғи тепе-теңдіктің бұзылғанын білдірмейді. Керісінше, олар экожүйенің маңызды бөлігі болып саналады. Жыландар кеміргіштердің санын реттеу арқылы ауыл шаруашылығы мен санитарлық қауіпсіздікке оң әсер етеді. Сондықтан оларды жою емес, қауіпсіз түрде табиғи ортасына қайтару маңызды.

Статистикаға назар аударсақ, 2025 жылы Шымкентте жыландарға байланысты 200-ге жуық шақырту түсіп, 116 жылан ұсталған. Ал биылғы жылдың жартысы да аяқталмай жатып, 144 шақырту тіркел-

ген. Бұл көрсеткіш бірнеше факторды аңғартады. Біріншіден, климаттың жылынуы мен ұзаққа созылған ыстық кезеңдер бауырымен жорғалаушылардың белсенділігін күшейтеді. Екіншіден, тұрғындардың сақтық деңгейі артып, кез келген қауіп туралы дер кезінде хабарлай бастаған. Үшіншіден, жеке сектор аумақтарында санитарлық тазалық мәселесі әлі де өзекті күйінде қалып отыр. Сарапшылардың пікірінше, жыландардың көбеюінен бұрын олардың адамдар көзіне жиі түсуі байқалып отыр. Бұл урбанизациялық өзгерістер мен климаттық факторлардың қатар әсер етуінің нәтижесі.

Шымкент қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің құтқару бөлімшесінің басшысы Ербол Оспанов тұрғындарды сақтық шараларын қатаң сақтауға шақырады.

— Күннің күрт ысуына байланысты жыландардың белсенділігі артады. Олар көбіне азық іздеп тұрғын үйлердің аулаларына, шаруашылық нысандарына немесе жертелелерге кіруі мүмкін. Мұндай жағдайда тұрғындар жыланды өз бетінше ұстауға кеземес өлтіруге әрекет жасамауы керек. Қауіпсіз арақашықтық сақтап, балалар мен үй жануарларын алыстатып, бірден 112 нөміріне хабарласқан дұрыс. Арнайы дайындықтан өткен құтқарушылар қажетті құралдардың көмегімен жыланды ұстап, қауіпсіз жерге шығарады, — дейді маман.

Оның айтуынша, дер кезінде хабар беру адам өміріне төнетін қауіптің алдын алудың ең тиімді жолы. Мамандардың пікірінше, жыландармен күрестің ең тиімді тәсілі — олардың тұрғын аумақтарға келуіне себеп болатын жағдайларды жою. Ол үшін аулалардағы шөптерді уақытылы орып, құрылыс қалдықтары мен қоқысты жинап отыру қажет. Жертөлелер мен қоймаларды таза ұстап, кеміргіштердің көбеюіне жол берме де маңызды. Сонымен қатар үйдің іргетасы, есік-терезе манындағы саңылауларды бітеп қою қауіптің алдын алады. Жылан көрген жағдайда үрейге бой алдырмай, кәсіби мамандардың көмегіне жүгіну — ең дұрыс шешім.

Шымкенттегідей жағдай климаттық өзгерістердің әсері күшейген сайын мұндай құбылыстар еліміздің өзге өңірлерінде де байқалуы мүмкін. Сондықтан тұрғындардың табиғатпен қауіпсіз қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру маңызды.



Қазақстандық киноөндіріс соңғы жылдары қарқынды даму кезеңіне қадам басты. Отандық фильмдердің саны артып, прокаттағы үлесі көбейіп келеді. Бүгінде ұлттық кинотуындылар халықаралық фестивальдерден де орын алып жүргенімен, кино саласының сапалық деңгейі, жанрлық әртүрлілігі мен халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігіне қатысты мәселелер күн тәртібінен түскен жоқ. Осы орайда қазақ киноиндустриясының бүгінгі ахуалы мен болашағы жайында Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының доценті, кинотанушы, PhD доктор Баубек Нөгербекпен сұхбаттасқан едік.

**Баубек НӨГЕРБЕК,**  
кинотанушы:

## ТАБЫСТЫ ФИЛЬМНІҢ НЕГІЗІ – САПАЛЫ ДРАМАТУРГИЯ

— Қазіргі қазақ киноиндустриясының жағдайын қалай сипаттар едіңіз?

— Қазіргі қазақ киноиндустриясы өтпелі кезеңді бастан өткізіп жатыр деп айтар едім. Соңғы он жылда өндіріс көлемі айтарлықтай артты, жеке продюсерлік орталықтар көбейді, көрерменнің қазақ фильміне деген қызығушылығы бұрынғыдан жоғарылады. Бұл — сөзсіз оң үрдіс. Алайда санның өсуі әрдайым сапаның өсуімен қатар жүріп отырған жоқ. Бүгінде индустрияда коммерциялық табысқа бағытталған жобалар көбейгенімен, авторлық кино, ғылыми зерттеуге негізделген фильмдер, тарихи реконструкциялар мен көркемдік ізденістер аз. Сондықтан қазіргі қазақ киносының басты ерекшелігі — өндірістің қарқынды дамуы мен көркемдік сапаны тұрақты деңгейде ұстап тұру арасындағы тепе-теңдікті іздеу деп айтуға болады.

— Бүгінде отандық киноиндустрияда қай жанрларға басымдық беріледі? Ал қай жанрлар керісінше жеткілікті деңгейде дамымай жатыр деп ойлайсыз?

— Қазір коммерциялық комедиялар, әлеуметтік драмалар және криминалдық фильмдер басымдыққа ие. Себебі бұл жанрлар салыстырмалы түрде аз бюджетпен түсіріледі және прокатта тез табыс әкеледі. Ал ғылыми-фантастикалық, тарихи-эпикалық, анимациялық фильмдер, балалар және жасөспірімдер киносы, психологиялық триллерлер, мюзиклдер және ғылыми-көпшілік деректі фильмдер жеткілікті деңгейде дамымаған. Әсіресе, балалар мен жасөспірімдер киносының тапшылығы алаңдатады. Өскелең ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыратын ұлттық кейіпкерлер мен құндылықтарды экран арқылы жеткізу — мәдени саясаттың маңызды бөлігі болуға тиіс. Сонымен қатар ғылыми-фантастика жанры елдің технологиялық және шығармашылық әлеуетін көрсететін бағыттың бірі болғандықтан, оларды дамыту маңызды.

— Меніңше, сіз атап шыққан жанрлардың ішінде де ең аз мән берілетіні ғылыми-көпшілік деректі фильмдер сияқты. Бұл фильмдердің аз түсірілуі себебі неде?

— Бұл мәселені тек көрермен сұранысының төмендігімен түсіндіру дұрыс болмас. Мұнда бірнеше фактор қатар әсер етеді. Біріншіден, қаржыландыру жүйесінде фильмдердің коммерциялық қайтарымы бірінші орынға шығып отыр. Деректі немесе ғылыми фильмдердің пайдасы ұзақ мерзімде байқалады, сондықтан жеке инвесторлар бұл салаға қызығушылық таныта бермейді. Екіншіден, ғылыми кинематография мен ғылыми медиа саласында мамандар аз. Ғылыми фильм түсіру тек режиссердің ғана емес, ғалымдардың, сценаристердің және продюсерлердің бірлескен еңбегін талап етеді. Үшіншіден, көптеген продюсерлер ғылыми фильмді әлі күнге дейін дәріс немесе телебағдарлама деңгейінде қабылдайды. Ал әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, ғылыми кино да қызықты драматургияға, сапалы визуалдық шешімдерге және эмоциялық әсерге құрыла алады. Бүгінгі көрермен сапалы контентті көруге дайын. Сондықтан мәселе сұраныста емес, ұсыныстың жеткіліксіздігі мен индустриялық саясатта деп есептеймін.

— Отандық кино өкілдері көрермендерді қазақ фильмдерін көбірек қолдауға шақырып жатады. Бұл дұрыс па?

— Мен бұл күрделі мәселеде екіжақты жауапкершілік бар деп есептеймін. Әлбетте, ұлттық киноны қолдау маңызды. Өйткені кино — тек бизнес емес, ол ұлттық мәдениетті, дүниетанымды, тарихи жадыны қалыптастыратын заманауи өнер

түрі. Бірақ көрерменді фильмнің сапасына қарамастан, билет сатып алуға міндеттеу дұрыс емес. Көрермен уақытын да, қаржысын да сапалы өнімге жұмсағысы келеді және бұл — қалыпты жағдай. Сондықтан негізгі жауапкершілік, менің ойымша, киноөндірушілердің мойнында. Егер фильм көркемдік жағынан да, техникалық жағынан да, драматургиялық тұрғыдан да сапалы болса, көрермен оны өзі-ақ тандайды. Соңғы жылдары прокатта табысты болған отандық фильмдер осының дәлелі. Ұлттық киноны дамыту көрерменнің патриоттық сезіміне ғана емес, ең алдымен оның сеніміне сүйенуге тиіс. Ал сенім сапалы өнім арқылы қалыптасады.

— Қазақстандық фильмдерді прокатқа шығару тәртібіне енгізілетін өзгерістерге көзқарасыңыз қандай?

— Егер бұл өзгерістер фильмдердің техникалық сапасын, жас ерекшелігі бойынша жіктелуін және құқықтық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталса, бұл қадамдарды қолдауға болады. Бірақ егер жаңа талаптар фильмдердің идеялық мазмұнын бақылауға немесе шығармашылық шешімдерге араласуға ұласса, онда бұл өнердің еркін дамуына қауіп төндірері хақ. Кино — қоғамдағы

әлеуметтік жауапкершілікті ескеру сынды талаптар да қойылу керек деп ойлаймын.

Коммерциялық табыс киноның көркемдік деңгейі мен құндылығының қарсыласы емес. Әлемдік тәжірибе жоғары кассалық табыс пен асқар көркемдік деңгейді қатар алып жүруге болатынын әлдеқашан дәлелдеген.

— Қазақстандық кинематографияның халықаралық деңгейде танымал болу мүмкіндігі бар ма?

— Әрине, мұндай мүмкіндік бар. Отандық режиссерлердің авторлық фильмдері белді халықаралық фестивальдарда сан мәрте жоғары бағаланды. Бұл біздің шығармашылық әлеуетіміздің жоғары екенін көрсетеді. Алайда халықаралық нарыққа кенінен шығу үшін бірнеше маңызды қадам қажет. Біріншіден, сценарий мектебін күшейту керек. Кез келген табысты фильмнің негізі — сапалы драматургия. Екіншіден, халықаралық копродукцияларды көбірту маңызды. Бұл тәжірибе алмасуға да, жаңа әлемдік нарықтарға шығуға да мүмкіндік береді. Үшіншіден, киноның тек мәдениет саласы ретінде емес, креативті индустрияның маңызды бөлігі ретінде дамыту қажет. Бұл өндіріс, маркетинг, дистрибуция және халықаралық сатылым жүйесін қатар қамтиды. Төртіншіден,



күрделі мәселелерді көтеретін өнер. Сондықтан мемлекет зан талаптарының орындалуын қадағалауға тиіс, бірақ шығармашылық пікір алуандығына шектеу қоймауы қажет. Ең бастысы, ашық, кәсіби және тәуелсіз сараптама жүйесінің қалыптасуы және әр автордың ішкі жауапкершілігі маңызды.

— Сіздіңше коммерциялық фильмдерге қандай талаптар қойылуы керек?

— Коммерциялық кино міндетті түрде көркемдік деңгейден айырылмайы керек. Меніңше, сапалы сценарийдің болуы, кәсіби режиссура мен актерлік ойын, техникалық орындалу деңгейінің халықаралық стандарттарға сай келуі сынды талаптар қойылуы керек. Сондай-ақ ұлттық мәдениетті жеңіл күлкіге немесе стереотипке айналдырмау, көрерменнің эстетикалық талғамын дамыту және

балалар және жасөспірімдер киносына, анимациялық және деректі киноға тұрақты мемлекеттік қолдау қажет. Менің ойымша, алдағы он жылда қазақ киносының халықаралық беделі арта түседі. Бірақ бұл кездейсоқ жетістіктер арқылы емес, жүйелі кино саясаты, кәсіби кадр даярлау және сапалы контент өндіру арқылы ғана жүзеге асады. Егер біз ұлттық ерекшелікті сақтай отырып, әлемдік көрерменге түсінікті әмбебап оқиғаларды баяндай алсақ, онда қазақ киносының корей, түрік немесе скандинавиялық кинематография сияқты өзіндік брендінің қалыптасуына толық мүмкіндік бар.

— Өңіміңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
**Данажан АМАНГЕЛДИНА,**  
ЕҰУ-дың 2-курс студенті

## ДИМАШ ЧЕЛЛЕНДЖ ЖАРИЯЛАДЫ

Димаш Құдайберген АҚЕРКЕ әніне жаңа челлендж жариялады. Өнер иесі жанкүйерлерін ән үзіндісіне билеп, ерекше бейнеролик түсіруге, сондай-ақ дәл осы әнге қатысты кез келген креативті идеяны жүзеге асыруға шақырды.



Байқау шарты бойынша, ең көп қаралым жинаған видеоның авторы жеңімпаз атанып қана қоймай, әншінің келесі бейнебаянына түсу мүмкіндігіне ие болады. Челлендж 1 тамызға дейін жалғасады. Талапкерлер челленджге жеке де, би ұжымымен де қатыса алады.

## «ӘКЕМНІҢ ӘЛЕМІ» КІТАБЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Ұлттық академиялық кітапханада «Әке мен бала» клубы аясында Әкелер күніне арналған «Әке ізімен» атты мерекелік іс-шара өтті.



Іс-шара барысында жазушы, ақын, драматург, «Дүрия дәурен», «Мәңгілік мұра», «Бойтұмар» жыр жинақтарының авторы Қадыр Әлімқұловтың «Әкемнің әлемі» атты роман-эссесінің таныстырылымы өтті. Қаламгер кітаптың жазылу тарихы мен әке тәрбиесінің адам өміріндегі маңызына кенінен тоқталды.

— Әкенің ролі қазір төмендеп кеткендей. Әке — тек билік жүргізуші емес, ол — тәрбиенің негізі. Біз «Әкең келе жатыр» деген ұш-ақ ауыз сөзден тәрбиеленген ұрпақпыз. Сол сөздің өзінде үлкен мағына жататын. Өйткені тәрбиелеп отырған ана балаға, осы дүниедегі ең мықты, ең құрметті адам әке екенін ұғындыратын. Қазір біз сол құндылықтардан алыстап кеткендейміз, — деді қаламгер.

Жиынның қонақтары «Әкемнің әлемі» кітабының тәрбиелік мәніне тоқталып, әке енегесінің жас ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы туралы ойларын бөлісті. Астана халықаралық университетінің профессоры, Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшесі Владимир Шнайдер:

— Мен бұл кітапты оқып шықтым. Алған әсерім — ең алдымен өз балалық шағымды, өз әкемді еске түсірді. Мұндай шығармалар бүгінде ұмыт бола бастаған құндылықтарды қайта жаңғыртуға ықпал етеді. Сондықтан бұл еңбектер жастар мен студенттер арасында кенінен талқылануы қажет, — деді ол.

Іс-шара соңында қатысушылар әкенің отбасы мен қоғамдағы орнының ерекше екенін атап өтіп, кешті «Менің әкем — ең жақсы адам» әнімен қорытындылады. «Әке ізімен» атты тағлымды кеш әкеге деген құрметті арттырып, ұрпақтар сабақтастығын дәріптеген мазмұнды рухани кездесу болды.

Ақтілек МЕРЕКЕ,  
ЕҰУ-дың 2-курс студенті



AMANAT  
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Албал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әрбания БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назгул НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Банн ЖАНЖАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(707) 875-42-14, 8(7172) 72-95-31  
rek@ama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРУ БӨЛІМІ:  
8(777) 804-61-32  
podpiska.ait@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді  
**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырыс №4752  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,